



ҚЫРҒЫЗСТАН: САЙЛАУ - 2026

Садыр Жапаровтың жеңіске жету мүмкіндігі жоғары. Алайда...

2



ТОЛЫҚ ЕМЕС ОТБАСЫЛЫҚ ӨМІР

үйреншікті әдетке айналып барады

6



КИІМНІҢ ДЕ КИЕСІ БАР...

Жақсы амалдың бәрі – құндылық

7

МЕГАПОЛИС ЖОЛДАРЫ

Биыл шаһарда екі жолайырық ашу жоспарланған және екі көшені ұзарту жұмыстары аяқталады

Алматыда жол инфрақұрылымын дамыту мақсатында қала әкімі Ерболат Досаевтың тапсырмасымен жолайырықтар салу, магистральдық жолдар мен радиалды көшелерді ұзарту жұмыстары жүргізілуде.



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

2024 жылдың соңында Сейфуллин даңғылы мен Жансүгіров көшесінің қиылысында жолайырық ашу жоспарланып отыр. Жоба аясында Сейфуллин даңғылында көліктердің кедергісіз жүруі үшін жалпы ұзындығы 690 метр болатын екі туннель салу көзделген. Жансүгіров көшесінде 4 жерүсті жаяу жүргіншілер өткелі салынып, тротуарлар және қоғалдандыру қарастырылған.

Сондай-ақ, биыл Саин көшесі мен Мөңке би көшесінің қиылысындағы жолайырықты ашу жоспарланған. Мамандардың айтуынша, «жоңышқа жапырағы» типтес жолайырықтың түрлі бағыты әрі кіреберісі болады. Сондай-ақ, мұнда ұзындығы 2,3 шақырым болатын тротуарлар мен веложолдар салу қарастырылған.

Бұған қоса, 2024 жылдың соңына дейін екі көшені ұзарту аяқталады. Біріншісі – Саин көшесінің бойымен Рысқұлов даңғылынан Ақын Сара көшесіне дейінгі жалпы ұзындығы 3,2 шақырым жол. Аталмыш



көше Момышұлы көшесіндегі көлік жүктемесін 30%-ға төмендетеді деп болжанып отыр. Екіншісі – Абай даңғылынан Б.Момышұлы көшесінен қала шекарасына дейінгі жол. Жалпы ұзындығы 5,3 шақырым болатын көшені ұзарту мегаполис орталығынан ҰАААЖ-дан батыс бағытта қосымша дәлізді қамтамасыз етеді.

Қазір Рысқұлов даңғылын Ф.Оңғарсынова көшесінен қала шекарасына дейін

ұзарту қолға алынған. Учаскенің жалпы ұзындығы – 2,3 шақырым. Келесі жылы Тілендиев көшесін Рысқұлов даңғылынан қала шекарасына дейін ұзарту басталады. Бүгінде жобалау-сметалық құжаттама әзірленіп жатыр. Оның жалпы ұзындығы 10,5 шақырым. Дәл осы кезеңде Солтүстік айналма көшесін ұзындығы 1,2 км болатын қала шекарасына дейінгі ұзартуды бастау көзделген.

Almaty AQSHAMY



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №12 (6463) 13 ақпан, сәуірсенбі, 2024 жыл. | www.almaty-akshamy.kz

ЖАҢА МАҚСАТ-МІНДЕТТЕР

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев Медеу ауданының тұрғындарымен кездесті



Әкім жұртшылықтың ой-пікірін тыңдап, келелі мәселелерге тоқталды. Сонымен бірге, аудандағы жасалатын игі істермен бөлісті.

Медеу ауданының тұрғындары шаһар басшысымен кездесу барысында бірқатар шаруаларды қозғады. Көкейдегі сауалдарын қойды. Дәлірек, ауданның перспективалық даму жоспары, инфрақұрылым, су мен жарық, жол және т.б. нәрселер ортаға салынды. Ел-жұрт өзіне қажетті ақпаратты ала білді. Сондай-ақ, алдағы атқарылар істер кезең-кезеңімен жүзеге асатыны айтылды.

3

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

13.02.2024

Түнде:



-5...-7 °C

Көшпелі бұлтты, кей уақытта жауын-шашын (көбінесе қар), тұман, көктайғақ.

Күндіз:



0...+2 °C

Көшпелі бұлтты, кей уақытта жауын-шашын (көбінесе қар), тұман, көктайғақ.



Желдің жылдамдығы:
2-7 м/с

14.02.2024

Түнде:



0...+2 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз. Кей уақытта тұман, көктайғақ.

Күндіз:



+3...+5 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз. Таңертен тұман, көктайғақ.



Желдің жылдамдығы:
0-5 м/с

www.almaty-akshamy.kz





САРАПТАМА

ҚЫРҒЫЗСТАН: САЙЛАУ–2026

Садыр Жапаровтың жеңіске жету мүмкіндігі жоғары. Алайда...

2026 жылы көршіміз Қырғыз елінде президент сайлауы өтеді. Биыл қаңтар айының соңына таман Садыр Жапаровтың сайлауға түсуге ниеті бар екені белгілі болды. Бұл туралы президенттің баспасөз-хатшысы Асқат Алагузов жазды деп хабарлады Interfax.ru. Интернет басылым баспасөз-хатшысының әлеуметтік желідегі парақшасына сілтеме жасап хабарлаған. Бірақ оның Facebook, Instagram желілерінде мұндай ақпарат жоқ. Қазіргі президенттің келесі сайлауға түсуге ниетті екені жайлы ақпаратты жоққа шығармағанына қарағанда ақпарат шынайы болуы керек. Қалай дегенмен де, Садыр Жапаровтың қатарынан екінші рет ел тізгінін ұстауға мүмкіндігі бар. Бірақ халықтың басым көпшілігіндегі саяси абсентейстік көзқарас пен азаматтық қоғамның наразылығы оның мақсатына жетуіне кедергі болуы мүмкін.

Тепе-теңдік және тежемелілік қажет

Қырғыз Республикасы Орталық Азияда орналасқан мемлекет. КСРО құрамында болған. 1990 жылдардағы аласапыран уақытында тәуелсіздік алды. Сол кезден бері суверенді мемлекет ретінде халықаралық қатынастардың тең құқылы субъектісі болып табылады.

Қырғыз елінде 2000 жылдардан бері қарай бір-біріне қарама-қайшы екі қоғамдық-саяси үдеріс жүруде. Бір жағынан елде демократиялану үдерісі дамыса, екінші жағынан мемлекеттік саяси институттар әлсіз. Демократия мен азаматтық қоғамның дамуы бойынша аймақта көшбасшы ел. Британиялық зерттеу және сараптама орталығы саналатын Economist Intelligence Unit құрастырған рейтингте алдыңғы орындарды иеленеді. 2022 жылғы мемлекеттер арасында демократияның даму деңгейі бойынша 116-орынға жайғасып, аймақта көшбасшы елге атанған. Рейтинг 5 көрсеткішті ескере



(Фотодереккөз: president.kg)

отырып құрастырылады. Оларға сайлау үдерісі және плюрализм, үкіметтің қызметі, саяси қатысу, саяси мәдениет, азаматтық еркіндік жатады.

Демократияның дамуы мен азаматтық қоғамның белсенділігінен бөлек онда мемлекеттік саяси институттар әлсіз. 2005 жылы Қызғалдақ революциясы орын алды. Жаппай наразылықтан кейін Асқар Ақаев президенттіктен кетуге мәжбүр болды. Оның орнына келген Құрманбек Бакиев 2010 жылы наразылықтан кейін өз орнынан бас тартты. Елдің экс-президенттері Алмазбек Атамбаев пен Сооронбай Жээнбеков арасында саяси қақтығыс болғаны бәрімізге белгілі. Саяси қақтығыстар тек парламент пен президент, президент пен оппозиция арасында ғана емес, экс-президенттер арасында болған. Мұның бәрі мемлекеттік саяси институттардың әлсіздігі мен билік тармақтары арасындағы тепе-теңдік және тежемелілік қағидасының сақталмауын көрсетеді. Дегенмен, басты қауіп бұл емес.

Басты қауіп – абсентеизм

Елдің қазіргі басшысы Садыр Жапаров экс-президенттермен салыстырғанда саяси сауатты деуге болады. Ол елдің наразылығынан кейін билікке келді. 2021 жылы 10 қаңтарда кезектен тыс сайлауда жеңіске жетті.

Президенттік сайлауды мерзімінен бұрын шақыруға елдегі саяси дағдарыс себеп болды.

2020 жылы 4 қазанда кезекті Парламент сайлауы өтті. Сайлаудың нәтижесі оппозицияға ұнаған жоқ. Наразылықтан соң сайлау нәтижесі заңсыз деп танылды. Президент Сооронбай Жээнбеков отставкаға кетті. Кейін 2021 жылы президент, парламент сайлаулары өтті. 10 қаңтарда президент сайлауымен қатар жалпыхалықтық референдум өткен еді. Конституцияға өзгеріс енгізу мақсатында өткен референдумдағы басты мәселе мемлекеттік басқару формасын анықтау. Президенттік басқару керек пе, әлде парламенттік пе? Осының бірін таңдау керек болды.

Екі сайлауға қатысқан жұрттың басым көпшілігі Садыр Жапаровты қолдап, президенттік басқару нысанын таңдады. Қазіргі президент 80%-ға жуық қолдау тапты. Референдумда президенттік басқару формасын 81%-дан астам адам қолдады. Бірақ бұл сайлауларға қатысу көрсеткіші өте төмен болды. Дауыс беруге құқылы азаматтардың 39%-ы ғана сайлауға қатысты. Демек, 61%-ы ел үшін маңызды қоғамдық-саяси үдерістен тыс қалды деген сөз.

Халықтың жартысынан астамы саяси өмірге араласпаған. Бұл билік институттарына халықтың сенімінің төмен екенін көрсетеді.

теді. Мемлекет үшін халықтың сайлауға қатысу көрсеткішінің жоғары болғаны тиімді. Абсентеизм ең басты қауіп болып тұр. Себебі, түрлі ішкі және сыртқы саяси күштер арбауына түсу ықтималдығы жоғары.

• Абсентеизм (лат. absens, absentis) – сайлаушылардың сайлау кезінде саналы түрде дауыс беруге қатыспауы, өзінің құқықтары мен міндеттерін жүзеге асыруға селқостық танытуы. Кең мағынада адамдардың саяси өмірге «менің ісім емес», «менің даусымнан ештеңе өзгермейді» деп немқұрайлылықпен қарауы. Үйреншікті санада абсентеизм – «саясаттан шаршау». (Дереккөз: Уикипедия – ашық энциклопедиясынан алынған мәлімет).

Садыр Жапаров сайлауға дайындықты бастады

Садыр Жапаров билікке келгеннен бері президент институтының беделін арттыруға тырысып келеді. 2021 жылғы конституциялық референдумдардан соң мемлекет парламенттік-президенттік басқару формасынан президенттік басқаруға өтті. Одан бері парламент пен президент институттары арасында ашық қақтығыстар болмады. Мұның бәрі институционалды деңгейде реформаларды жүзеге асырып жатқанын көрсетеді.

Бұл әрекеттердің бәрі алдағы, 2026 жылы өтетін сайлауға дайындық басталғанын білдіреді. Бірақ Орталық Азия елдеріне тән заңдылық бар. Сайлаулар әдетте мерзімінен бұрын өтеді. Қырғыз Республикасында мұндай жағдай болуы мүмкін бе? Біздің ойымызша жоқ. Себебі, мерзімінен бұрын президент сайлауын елдің парламенті – Жоғарғы Кеңесі шақыруға құқылы. Демек, конституцияда парламент пен президент институттары арасында тепе-теңдік және тежемелілік қағидасы сақталған.

Сайлау уақыты өткеннен бері Садыр Жапаровтың жеңіске жету мүмкіндігі жоғары. Елдің жаңа туын қабылдау сияқты шаралар оның ел алдындағы беделін арттыруда. Бірақ жоғарыда жазғанымыздай, басты қауіп сайлауға қатыспайтын азаматтар екенін ескерген жөн.

Пердехан
ШӘМШИЕВ,
сарапшы.



БРИФИНГ

Азаматтар төтенше жағдайлар кезіндегі барлық тәртіп-ережелерді нақты білуі керек

Өңірлік коммуникациялар қызметінің брифингінде Ұлттық сейсмологиялық бақылаулар мен зерттеулер ғылыми орталығының директоры Дәулет Сәрсенбаев жиынды жүргізіп отырды. Алматы қаласының аумағындағы сейсмикалық жағдай жөнінде аталған ғылыми орталық директорының ғылым жөніндегі орынбасары, сейсмикалық жағдайды бағалау жөніндегі комиссияның төрағасы Нұрсәрсен Өзбеков, ғылыми орталық директорының өндіріс жөніндегі орынбасары Бейімбет Әшіров, Алматы қаласы Төтенше жағдайлар департаментінің бастығы Нұрлан Атығаев, Төтенше жағдайлар министрлігі «Қазселденқорғау» мемлекеттік мекемесі басшысының орынбасары Мұрат Қасенов, «Қазселденқорғау» мемлекеттік мекемесінің Алматы пайдалану-техникалық басқармасы филиалының басшысы Самат Дәуленқанов ой, ұсыныс, кеңесін білдірді.



Айнабай
МӘДИ

Сейсмикалық жағдайды бағалау жөніндегі комиссия ғылыми орталықтың сейсмологиялық деректерін бақылау материалдарын талдауды жүзеге асырып, осы материалды жауапты мемлекеттік органдарға ұсынады.

«Біздің мамандардың қорытындысы мен бірнеше ғылыми бағыттың дерегіне, жер қыртысындағы «жойқын» 200-ге жуық процесті зерттей келе, Алматы сейсмикалық белсенді ауданының аумағында 5.5 және одан да көп магнитудасы бар жер сілкінісі болады деп күтілмейді», – деп мәлімдеді Ұлттық сейсмологиялық бақылаулар мен зерттеулер ғылыми орталығының директоры Дәулет Сәрсенбаев.

Комиссия құрамына ғылыми орталықтың жетекші мамандары кіреді. Сейсмикалық ахуалды бағалау жөніндегі комиссия жыл сайын Алматының сейсмикалық қауіпті өңіріндегі өткен жылғы бағалау нәтижесімен сейсмикалық ахуалды бағалайды. Сейсмикалық жағдайды бағалау туралы апта сайынғы ресми ақпарат Алматы қаласының ТЖД, Алматы облысының ТЖД, ҚР ТЖМ, басқа да тиісті органдарға беріледі.

«Жалпы, егер Алматы сейсмикалық белсенді өңіріндегі фондық сейсмикалықты (к=9,6-10,5) ескере келе, жер сілкіністерінің эпицентрін қарастыратын болсақ, онда олар оңтүстік-шығыс бағытта созылып жатыр. К=10,6-

12,5 бар ошақтардың көпшілігі Жоңғар болжамды аймағына орайластырылған және батыс, шығыс бағытқа созылған. Орын алған жер сілкіністері негізінен фондық сейсмикалықты сипаттайды», – деді спикер.

«Ұлттық сейсмологиялық бақылау және зерттеу ғылыми орталығының» мәліметінше, сейсмикалық жағдайды бағалау биылғы ақпан айының басында дайын болды. Сарапшы оңтүстік пен оңтүстік-шығыс Қазақстан жер сілкінісі қаупі жоғары аймақта екенін еске салды. Алматы қаласы тау бөктерінде орналасқан, бұл жағдай – сейсмикалық-шартты процестердің қосымша қауіптілігінің факторы.

Сондай-ақ, ағымдағы сейсмикалық жағдай бойынша қорытынды сейсмикалық процесс: гидродинамикалық, гидрохимиялық, геофизикалық, деформациялық процестерді, тіпті биологиялық бақылауға мониторинг жасаудан алынған деректер кешенімен түсіндірілді. Азаматтардың өздері жер сілкінісі, басқа да төтенше жағдайлар кезіндегі барлық тәртіп ережесін нақты білуі керек.

«Жапонияны алып қарайық, онда жер сілкінісі үнемі болып тұрады. Бірақ іс жүзінде зардап шеккендер болмайды. Тағы да еске түсірейік, Алматыда жер сілкінісі салдарынан зардап шеккендер бар ма? Жоқ. Демек, дүрбелеңнен зардап шекті. Ал ол қайда пайда болды? Әлбетте, жағдайды түсінбеу салдарынан, әртүрлі жалған хабарлама мен мемлекеттік органдардан түскен ақпараттың жеткіліксіздігінен болды. Бұл бағытта белсенді әрі тыңғылықты жұмыс істеу қажет», – деді жиынды жүргізуші.



ӘКІМ

ЖАҢА МАҚСАТ-МІНДЕТТЕР

Олжас
ЖОЛДЫБАЙ

(Басы 1-бетте)

ИНВЕСТИЦИЯ

Алматының Медеу ауданында 2023 жылы 335 млрд теңге инвестиция тартылды. Бұл оң бастама тұрғындарға бәрі оңтайлы болу үшін қарастырылмақ.

Алматының Медеу ауданында 2023 жылдың қорытындысы бойынша әлеуметтік-экономикалық дамудың оң көрсеткіштеріне қол жетті. Бұл туралы қала әкімі Ерболат Досаев аудан тұрғындарымен кездесуде хабарлады.

Қала басшысы өнеркәсіптік өндіріс көлемі 13%-ға өскенін, 335 млрд теңге инвестиция тартылғанын, 29%-ға артқанын атап өтті.

«Жоғары инвестициялық белсенділік шағын және орта бизнес санын 22%-ға арттыруға мүмкіндік берді. Мәселен, егер 2022 жылы 37,4 мың субъект болса, 2023 жылы – 43,9 мың субъект. Экономиканың қарқынды дамуы 9 мыңға жуық жаңа жұмыс орнын құруға және салық түсімдерін 48%-ға 1,4 трлн теңгеге дейін ұлғайтуға мүмкіндік берді», – деді Ерболат Досаев.

ҚҰРЫЛЫС

Алматы әкімдігі тау бөктеріндегі құрылысты бақылауды күшейту бойынша кешенді жұмыс жүргізіліп жатқанын баяндады.

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев қайтыс болған отбасының туыстарына көңіл айтып, жақындарына қандай қолдау көрсетілетіні туралы айтты.

«Таусамалы» шағынауданында қаза тапқан отбасының қаржылық міндеттемесі өтеледі. Әкімдік жерлеуді ұйымдастыру мен еске алу іс-шараларын өткізу бойынша барлық қажетті көмек көрсетеді. Бұл отбасының шетелде оқитын үлкен ұлы Дмитрий Шиннің оқуына қаржылай қолдау көрсетіледі, сонымен қатар, ата-анасының қаржылық міндеттемесін шешуге жәрдемдеседі», – деді Ерболат Досаев Медеу ауданының тұрғындарымен кездесу барысында.

Қала басшысы әкімдік Алматы тау бөктеріндегі құрылысты бақылауды күшейту бойынша кешенді жұмыс жүргізіп жатқанын және «Таусамалы» шағынауданындағы қайғылы оқиға тиісті шараларды күшейту қажеттігін дәлелдегенін ерекше атады. Мәселен, 2022 жылғы маусымда мәслихат 15 градустан асатын таулы беткейлерде құрылысқа тыйым салуды ұсынды және қолдады.

«Осы норма қабылданған сәттен бастап таулы жерлерде заңсыз құрылыстың анықталған 54 фактіден соттарға 45

талап-арыз берілді, оның 31-і қаланың пайдасына шешілді, 4-еуі қарастырылуда. Қалған 9-ы бойынша ескертулер жойылды немесе құрылыс-монтаж жұмыстары тоқтатылды және сотқа талап-арыздар дайындалуда», – деді Ерболат Досаев.

Бұл бағыттағы жұмыс жалғасады. Қазіргі уақытта Алматының 2040 жылға дейінгі Бас жоспарына толық сәйкес келетін және қала аумақтарын құрылыс үшін әртүрлі талабы бар аймақтарға бөлетін егжей-тегжейлі жоспарлаудың жаңа жобалары бекітілді.

ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

Алматының Медеу ауданында 2024 жылы 42,2 км тротуар мен 17 км арық желісі салынады.

2024 жылы Алматының Медеу ауданындағы орташа жөндеу жұмыстарының көлемі екі есеге – 51,6 км-ге дейін ұлғаяды. Бұл туралы қала әкімі Ерболат Досаев хабарлады.

Қала басшысы 60 мың шаршы метрден астам жол төсеміне шұңқырлы жөндеу жүргізіліп, 42,2 шақырым тротуарлар мен 17 шақырым арық желілері салынатынын атап өтті.

«Әкімдік жол-көлік инфрақұрылымын дамытуға ерекше көңіл бөледі. 2023 жылы Медеу ауданында 21,8 км жолға орташа жөндеу жүргізілді, 56 мың шаршы метр жол төсемі ішінара қалпына келтірілді, 29 көшеде 24,5 км тротуар жасалды, 20 көшеде 6,6 км жаңа арық желілері салынды», – деп еске салды Ерболат Досаев.

СУ МӘСЕЛЕСІ

Резервтік сумен қамту схемасы Алматының Медеу ауданында су тапшылығы мәселесін шешуге мүмкіндік беретіні айтылды.

Биыл Алматыда «Мұзтау», «Каменск үстірті», «Асқарау», «Кіші станица», «Атырау» және «Сұлусай» шағынаудандарында 145,7 км тарату желілерінің құрылысы басталып, 2025 жылы аяқталады.

Сонымен қатар, 2024 жылдың 3 тоқсанында «Таулы қырат», «Алатау» және «Юбилейный» шағынаудандарында 51,7 км тарату желілері салынады.

«Өткен жазда аптап ыстыққа байланысты ауданның жоғары бөлігін сумен қамтамасыз етуде қиындықтар туындады. 2023 жылдың шілде айында судың лайлануы нормадан 50 есе асып, су тапшылығы тәулігіне 20 мың м³ болды. Тапшылықты жою үшін төтенше жағдайлар аясында қуаты тәулігіне 32 мың м³ резервтік сумен қамту схемасының құрылысы басталды, ол 2024 жылдың маусым айында аяқталады. Судың негізгі көздері – Талғар жерасты сулары мен сорғы станцияларының қуатын 60%-ға арттыра отырып, 6 жаңа скважина бұрғылау болып табылады», – деді Ерболат Досаев.

Бұған қоса, қала басшысы «Думан»

шағынауданында халық санының көбеюіне байланысты жұмыс істеп тұрған резервуарлардың өткізу қабілеті ауысу қажеттілігін өтемейтінін атады. Жазғы уақытта тәулігіне 2,2 мың текше метр тұтыну тапшылығы байқалады.

«Осы мәселені шешу үшін биыл 2 су резервуарын, магистральды су құбырын және 2 сорғы станциясын реконструкциялауды бастаймыз», – деді Ерболат Досаев.

Айта кету керек, «Каменск үстірті», «Көлсай», «Мұзтау» және «Юбилейный» шағынауданының тұрғындарын сумен тұрақты және қамтамасыз ету үшін төтенше жағдайлар желісі бойынша 7,3 мың м³ суға арналған 7 резервуар салынды. Сондай-ақ, күніне 15,7 м³ су өткізетін 6 скважина салынды және реконструкцияланды. Қазіргі таңда осы жылдың наурыз айында нысандарды толыққанды іске қосу-реттеу жұмыстары жүргізілуде.

«Медеу ауданының әкімдігі 2023 жылдан бастап 276,5 км сумен қамту және канализация тарату желілерін салу жұмыстарын бастады. 2023 жылы Халиуллин көшесі мен «Каменское үстірті» шағынауданында 13,4 км құрылыс аяқталды. 2024 жылы «Кеңсай», «Көлсай», «Компот», және «Думан» шағынаудандарында 65,7 км желінің құрылысы аяқталады», – деп сөзін түйіндеді Алматы қаласының әкімі.

МЕКТЕП

Алматының Медеу ауданында 2024 жылы 1500 орынды екі жаңа мектеп салынады.

Алматының Медеу ауданындағы Құлжа тас жолының оңтүстігіне қарай «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында 2 мың орынды жаңа мектептің құрылысы басталды. Әкімдіктің жобалық офисінің қолдауымен іске асырылатын «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы бойынша Алматыда 2024-2025 жылдары 37,1 мың орынды 22 оқу орнын салу қарастырылған.

Сондай-ақ, 2024 жылы ауданда 1500 орынды тағы екі жекеменшік мектептің құрылысын бастау жоспарланған: «Думан» шағынауданында 1200 орынды және Халиуллин көшесінде 300 орынды. Іске асыру мерзімі – 2024 жылдың соңына дейін.

«Біздің жұмысымыздың басты бағыты – қаланың әлеуметтік инфрақұрылымын дамыту. 2023 жылы №48 мектеп жанындағы 250 орынды қосалқы нысан реконструкцияланды және №131 мектеп сейсмикалық күшейтілді және күрделі жөндеді. Ағымдағы жылы №35 мектеп жанынан 300 орынды, №99 мектеп қасынан 250 орынды, №131 мектеп жанынан 300 орынды қосалқы нысандар салу жоспарланған», – деді қала басшысы.

ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІК

Алматының Медеу ауданында 17 маршрут бойынша 235 автобус жаңартылады.

2024 жылы Алматының Медеу ауданында 17 маршрут бойынша 235 автобус жаңартылады. Бұл №12, 16, 120, 71, 50, 73, 211, 121, 63, 118, 210, 79, 92, 126, 209, 43 және 74 маршруттар. Сонымен қатар, 10 аялдама жаңартылады. Бұл туралы Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев Медеу ауданының тұрғындарымен кездесуде мәлімдеді.

«Қоғамдық көлік жұмысының сапасын жақсарту аясында 2023 жылы Медеу ауданындағы 18 маршруттағы 312 автобус жаңартылды, 4 жаңа маршрут (№43, 75, 232, 233) ашылды, онда 39 автобус қосылды. Сонымен бірге, қала тұрғындарының өтініші бойынша 5 жаңа аялдама кешені салынды», – деді қала басшысы.

Ерболат Досаев «Көлсай» шағынауданы тұрғындарының өтініші бойынша №107 маршрутқа екі ескі автобус ауыстырылып, қосымша тағы 3 жаңа тау автобусы іске қосылғанын айтты.

ЖАРЫҚТАНДЫРУ

Алматыда көше жарығы 2025 жылдың соңына дейін 100% қалпына келтіріледі. Сондай-ақ, Медеу ауданында 40-тан астам көшеде сыртқы жарықтандыру желісі жаңартылады.

2024 жылы Алматының Медеу ауданында 42 көше бойынша сыртқы жарықтандыру желілері салынады. Бұл туралы әкім Ерболат Досаев Медеу ауданының тұрғындарымен кездесуде айтып, осы жылдың IV тоқсанында жұмыстың аяқталатынын жеткізді. Оның айтуынша, 90 бау-бақша серіктестігінде сыртқы жарықтандыру желілерін салуға қосымша жобалау-сметалық құжаттама әзірленуде. Сараптама қорытындысын 2024 жылдың II тоқсанында алу көзделіп отыр.

«Аудан тұрғындарын толғандыратын мәселелердің бірі сыртқы көше жарығы. Күзде жарықтандыру желілеріне қызмет көрсету бойынша өкілеттік аудан әкімдіктеріне берілді. Өткен жылдың қараша айында аудан әкімдігі «Алматы Қала Жарық» компаниясымен шарт жасасты. Соның нәтижесінде 3 айда жөндеу бригадалары 515 өтінімді нысықтап, 150 бақша-саябақ шамдарын ауыстырды, 1050 энергия үнемдейтін LED-шамдар орнатылды, 5 қоғамдық кеңістік аумақтарында жарықтандыру қалпына келтірілді. Бұл 28 панфиловшылар саябағы, Кіші Алматы өзенінің жағалауы. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, Алматыда көше жарығы осы жылы 85%-ға, 2025 жылдың соңына дейін 100%-ға қалпына келтіріледі», – деді Ерболат Досаев.

Қала басшысының айтуынша, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында 2023 жылы 57 «Сергек» аппараттық-бағдарламалық кешені орнатылды, оған 290 камера кіреді. Ал биыл 30 «Сергек» кешенін орнату және 750 жаңа бейнемониторинг жүйесінің камераларын орнату жоспарланған.



ОТАНДЫҚ ӨНІМ

ӨНДІРУ ДЕ, ӨНДЕУ
ДЕ ӨЗІМІЗДЕН

Ел
аумағында
Еуропалық
Одақ
бекіткен
аса маңызды
шикізаттың
19 түрі бар

Әлем жаһандық энергетикалық және цифрлық дамуға ұмтылуда. Осыған байланысты әлемдік нарықтың аса маңызды шикізат материалдарына сұранысы артып келеді. Қазақстан Еуропалық Одақ бекіткен аса маңызды шикізаттың 19 түрін өндіреді және өңдейді, деп хабарлады ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрілігі.

Қазақстанда өндірілетін шикізаттар АҚШ, ҚХР, Оңтүстік Корея, Ұлыбритания, РФ, ЕО елдеріне тасымалданады. Бүгінгі таңда Қазақстанның өндірушілері еуропалық нарыққа бериллий, тантал, титан, аммоний метаванадаты және фосфор сияқты металл және химиялық өнімдерді жеткізеді.

Ал мыс өндірісі бойынша Қазақстан әлемнің үздік 10 елінің қатарына кіреді. Қазақстанда никель, кобальт, марганец және литий сияқты

аккумуляторлық шикізат өндірісінің кластерін ұйымдастыру мүмкіндіктері бар. Бұл прекурсорлар электро-мобильдердің өсіп келе жатқан өндірісі үшін шикізаттың негізгі көзі болады.

Сирек металдарды өндіру саласының негізгі проблемаларының бірі – импорттық шикізатқа тәуелділік. Сондай-ақ, аса маңызды шикізат өндірісінің дамуына кәсіпорындардың технологиялары мен жабдыктарының тозуы кедергі болуда. Негізгі проблемалық мәселелер Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауы шеңберіндегі тапсырмасы негізінде жерде сирек кездесетін металдар саласын дамытудың 2024–2028 жылдарға арналған кешенді жоспарында көрсетілген. Кешенді жоспар Үкіметтің қаулысымен 2023 жылғы 28 желтоқсанда бекітілген. Қазіргі таңда Өнеркәсіп министрілігі алдағы бес жылға қойылған міндеттерді шешу үшін жұмыс істеуде.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».
(Дереккөз: <https://ortcom.kz>).

ТАЗАЛЫҚ

ТӘУЛІК БОЙЫ САПТА

Қар тазалайтын техникаларда дамыл жоқ

Кеше Алматыда коммуналдық қызметтердің тәулік бойы жұмыс істейтін кезекшілігі ұйымдастырылды. Себебі, 12 ақпанда сағат таңғы 07.10-нан бастап шаһарда қар аралас жаңбыр жауа бастаған болатын. Ол сол күні арасында үзілістермен және 13 ақпан күні түске дейін жауады деп болжанған. Бұл туралы Алматы қаласының коммуналдық инфрақұрылымды дамыту басқармасының өкілдері хабарлады.



Нұржамал
ӘЛІШЕВА

Түнгі кезеңде 487 арнайы техника, оның ішінде 172 құм таратқыштың және 286 жол жұмысшысының кезекшілігі ұйымдастырылды. Тротуарларды, жалпы пайдалану орындарын, әлеуметтік маңызы бар нысандарды қардан тазарту үшін 176 шағын габаритті тротуар жинау техникасы тартылды. Кешегі сағат 08.00-ден

баста күшейтілген 528 техника және 1180 жол жұмысшысы қарды тазартумен айналысуда. Аудан әкімдіктерінде қар тазалау жұмыстарын бақылау бойынша тәулік бойы кезекшілік ұйымдастырылған.

Сала мамандары ауа райының нашарлауына байланысты жүргізушілер мен жаяу жүргіншілердің назарын жолдардағы жағдайға жіті назар аударуды сұрап отыр. Жүргізушілер қауіпсіз



жылдамдық режимін сақтауы, автомобильдер арасындағы қашықтықты және бүйірлік аралықты қауіпсіз қашықтықта ұстауы керек, жолда маневр жасағанда абай болған жөн.

Сондай-ақ, жүргізушілерден қар тазалау техникасының жұмысына кедергі

келтірмеу үшін автокөліктерді тек белгіленген орындарға қойған абзал.

Естеріңізге сала кетейік, жолдар, тротуарлар және қоғамдық орындар сапасыз тазаланған жағдайда, +7 706 689 88 98 WhatsApp нөміріне жазуға болады.

БӘРЕКЕЛДІ!

Тағы екі маршрут жолға шықты

Шаһарда 9 ақпаннан бастап қала маңына қатынайтын екі маршруттың жылжымалы құрамы жаңартылды. Олар: «Спорт сарайы – «Пионер» тау курорты» бағытындағы №209 және «Спорт сарайы – «Ой-Қағарай» тау курорты» бағытындағы №210 маршрут.



«Газель» автобустары «Yutong» маркалы орташа сыйымдылықтағы, төмен еденді, тоғыз метрлік автобустарға ауыстырылды. Автобустар заманауи құрылғылармен жабдықталған, оның ішінде кондиционер, бейнебақылау және т.б. бар. Жалпы сыйымдылығы – 52 орын, оның ішінде 22 орынға отырып, 29 адамға дейін тұрып тұруға болады.

Автобустардың жоспарлы саны: №209 – екі, №210 – бес. Ал бұрынғы автобустар парктің резервтік құрамына енгізіледі.

Нұр ЖАМАЛ.

БРИФИНГ

АГРАРЛЫҚ ШАҒЫН НЕСИЕ

алуға жас кәсіпкерлер сұранысы артуда

Алматы Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында аграрлық несие корпорациясының қаржыландыру шарттары мен несиелендіру бағдарламалары тақырыбы қамтылды.



Айнабай
МӘДІ

Брифингке «Аграрлық несие корпорациясы» акционерлік қоғамы басқарма төрағасының орынбасары, басқарма мүшесі Айдын Досқараев, аталған акционерлік қоғамның Алматы қаласы бойынша филиалының директоры Әмірхан Смайылұлы, Алматы қаласы еңбек мобилділігі ұтқырлығы орталығының басшысы Әділет Жаңабаев аграрлық несие корпорациясының қаржыландыру шарты, несиелендіру бағдарламасы жайында жан-жақты түсініктеме беріп, агробизнес саласындағы несиелеу бағдарламасы мен жас кәсіпкерлер үшін мүмкіндіктер туралы айтты.

Басқарма төрағасының орынбасары елімізде былтыр корпорация «ҚазАгроҚаржы» еншілес компаниясымен бірлесіп, 550 млрд теңгеден астам сомаға ауыл шаруашылығын қаржыландырғанын айтты. Соның ішінде 375 млрд теңгені корпорация кәсіпкерлерге бөлген. Барлық қолданыстағы бағдарламаның ішінде «Жастарға шағын несие беру» бағдарламасы сұранысқа ие. Негізгі талаптың ішінде өтінім беру сәтінде жеке кәсіпкер ретінде тіркелу мерзімі 5 жылдан аспауға тиіс.

«Біздің корпорацияның басты мақсаты – елімізде ауыл шаруа-

шылығымен айналысатын кәсіпкерлерді кең қаржылық қолдаумен қамтамасыз ету, сондай-ақ агроөнеркәсіптік кешендердегі жұмысшылардың өнімділігін арттыру», – деді А.Досқараев.

«Несиелер тиісті мақсаттарға беріледі. Сондай-ақ, бизнесті іске асыру салық органдарында жеке кәсіпкер ретінде тіркелген жері бойынша жүзеге асырылатынын атап өткен жөн», – деді шағын несие алушыға қойылатын негізгі талапқа тоқталған акционерлік қоғамның Алматы қаласы бойынша филиалының директоры Ә.Смайылұлы.

● Керек кеңес

«Қазагрофинанс» компаниясы тарапынан субсидиялау көлемі 80 пайызды құрайтын сақтандыруды (өсімдік шаруашылығын сақтандыру, бақпаны сақтандыру, малды сақтандыру) субсидиялауға байланысты жеңілдіктер бар. Өз егінін не малын сақтандырғысы келетін фермерге сақтандыру компаниясы миллион теңге төлеуі керек болса, оның 800 мың теңгесін мемлекет субсидия түрінде төлейді. 200 мың теңгесін фермер төлейді.

Статистика дерезіне, соңғы үш жылда фермерлерге сақтандыру жағдайы басталған кездегі шығыны 6,5 млрд теңгеден астам қаражат төленген.

Кепілмен қамтамасыз ету түрінде жылжымалы және жылжы-

майтын мүлік қабылданады. Кепілмен қамтамасыз ету болмаған жағдайда үшінші тұлғаларды (ата-анасы, туыстары және т.б.) кепіл беруші ретінде тартуға болады. А.Досқараев депозит түрінде орналастыру не бағалы қағазды, сондай-ақ кез келген басқа қызметті сатып алу үшін бөлінген несиені пайдалануға тыйым салынғанын еске салды. Бүгінде «Қазагрофинанс» компаниясы ауыл шаруашылығымен, бизнеспен айналысатын 87 мың түрлі кәсіпкерге қызмет көрсетеді. Олар үшін бірқатар мамандандырылған бағдарлама қарастырылған. Сондай-ақ, Үкімет, ауыл шаруашылығы министрлігі түрлі субсидия қарастырған.

Алматы қаласының Еңбек мобилділігі орталығының басшысы Әділет Жаңабаев конкурстық өтінімді кім, қалай таңдайтынын, комиссия құрамына кімдер қатысатынын мен қандай бизнес-жобаға басымдық берілетінін айтты.

● КЕРЕК ДЕРЕК

Былыр Алматының жас кәсіпкерлеріне бизнес-идеяларды жүзеге асыруға 4,8 млрд теңге жеңілдікпен шағын несие бөлінді.

«Аграрлық несие корпорациясы» АҚ Алматы қаласы және Алматы облысы бойынша 21–35 жас аралығындағы жас кәсіпкерлер жеңілдікпен несие алуға үміткер бола алады.

Міндетті шарт – кепілмен қамтамасыз етудің болуы.

Несие 5 миллион теңгеге дейін беріледі. Бұл ретте сыйақы мөлшерлемесі жылдық 2,5 пайызды құрайды.

АКЦИЯ



Суретті түсірген Самат ҚУСЫЙНОВ.

«Қан тапсырып, өзгеге өмір сыйла»

Алматыда «№5 қалалық емхана» КМК және «Qamqor Charity» ҚК-ның ұйымдастыруымен дүниежүзілік қатерлі ісікке қарсы күрес күніне орай қан донорларына арналған «Қан тапсырып, өзгеге өмір сыйла» атты акция өтті.



Досбол
АТАЖАН

Акцияға 50-ден астам медицина қызметкері, волонтерлер және емхана пациенттері қатысып, ерікті түрде қан тапсырды.

– «Қан тапсырып, өзгеге өмір сыйла» акциясын өткізіп жатырмыз. Негізгі мақсатымыз – онкологиялық аурулар мен науқастарға көмектесу. Қазір Қазақстанда онкологиялық аурулармен жылына 37 мыңнан астам науқастар тіркеледі. Оның ішінде 13 мыңнан астамы қатерлі ісік ауруларынан көз жұмады. Бұл үлкен сан, өзекті мә-

селе. Ем барысында химиялық, сәулелік терапия қолданылады. Соның салдары қан құрылымының бұзылуына алып келеді. Соған байланысты оларға қан құю, донорлық көмек керек, – деді «№5 қалалық емхана» КМК директоры Қамқа Омарова.

Сондай-ақ, емхана басшысы қан тапсыруға келетін адамдарға қандай талап қойылатынын атап өтті.

– Қан тапсыратын адамға қойылатын алғашқы талап – оның келісімі. Адам қан тапсыруға санаулы түрде өз еркімен келуі қажет. Екінші, денсаулығы жағынан кінәраттық болмауы. Ниет білдірген адам келген кезде одан қан алынады. Сонда гемоглобин көрсеткіші 110-нан төмен болмауы қажет. Егер адам айтылған талаптарға сай болмаса, қан тапсыра алмайды, – деді Қамқа Омарова.

Айта кеткен жөн, тапсырылған қан Алматы қаласындағы «Қазақ онкология және радиология ғылыми-зерттеу институты» мен «Педиатрия және балалар хирургиясы ғылыми орталығының» онкология және онкогематология бөлімшелерінде емделетін науқастардың еміне қолданылады.



Ә.ҚАСТЕЕВ – 120

«Қазақтың жанын түсінгің келсе,
Әміренің әнін тыңда, Әбілханның суретін көр».

Ғабит МҮСИРЕПОВ.

ҚАСТЕЕВ мұрасы —

қазақ өмірінің айнасы

Биыл ұлы суретші Әбілхан Қастеевтің туғанына – 120 жыл. Өмірінің соңғы жылдарында тұрған үйінің музей-үйі болып ашылғанына – 10 жыл. Қазақ бейнелеу өнеріндегі атақты тұлға Алматыдағы танымал «Қазақстан» қонақүйінің артындағы жер үйлердің бірінде 1958–1973 жылдар аралығында тұрған. Қазір осы Бекхожин көшесіндегі №6 А үй – қаладағы тарихи және мәдени орындардың бірі. Қастеевтің қара шаңырағы мен соңында қалған құнды мұраларына бас-көз болып отырған музей-үйдің басшысы Еркін НҰРАЗХАН Халық суретшісінің шеберлігінен бөлек, үйде қандай адам, қандай әке болғаны туралы айтып берген еді.



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Мұражайға айналған 5 бөлмелі тұрғын-үйден қылқалам шеберінің өмірі мен шығармашылығы жайлы толық ақпарат алуға болады. Өзі қолданған бұйымдары, құжаттары мен суреттері, бояулары мен сурет салғанда қолданатын басқа да құралдары тарихи жәдігерге айналған. Шеберханасы да сол қалпында сақталған. Дәл осы үйге Әбілхан ағаны іздеп, танымал қаламгерлер жиі келген. Қонақ болған тұлғалар сыйлаған сыйлықтары да сол дәуірдің көзіндей болып, жап-жаңа күйінде тұр. Қабырғаға ілінген суреттерінен қазақ даласының кендігі, рухының асқақтығы сезіледі.

Бірақ сол жан біткен суреттері арқылы жанға жылу сыйлаған суретші жылуы жоқ үйде аяққа байлап, үстіне қалың киініп, сурет салатыны сол заманда ешкімді алаңдата қоймапты...

Суықта сурет салған

«Әбілхан ағамыздың музей-үйі туғанына 110 жылдығы қарсаңында 2014 жылы 17 қаңтарда ашылды. Отбасы 2004 жылы үйді босатып, әкімшілікке өткізеді. Қараусыз қалған үйдегі жиназдардың кейбірі жарамсыз болып, заттардың көбі жоғалған. Осы музей-үйді ашарда балалары қолда бар бұйымдарын әкеліп, өткізді. 2014 жылы жеңілдеу жөндеу жұмысын жасап, құнды мұраларын жинақтап, мұражайға айналдырдық», – дейді Еркін Нұразхан.

Әбілхан Қастеевке 1942 жылы Қазақ КСР-інің еңбек сіңірген өнер қайраткері атағын бергенде, қаулыда «үй жағдайы жақсартылсын, шығармашылықпен айналысуға барлық мүмкіндік жасалсын» деп жазылды. Бірақ ол орындала қоймады. 1944 жылы 40 жасында Қазақ КСР-інің Халық суретшісі атағын алып, үлкен көрме өткізеді. Бұл атақты алғанда да ол кісіге үй берілмейді. 4-5 баласымен бұрын Мұхтар Әуезов тұрған 2 бөлмелі үйде тұрады. 1954 жылы Ғылым академиясының президенті болып тұрған кезде Д.Қонаев түскі үзіліске шығады. Сонда Ш.Уәлихановтың ескерткішінің жанында отырған Халық суретшісін танып қалып, барып сәлем береді.



Аман-саулық сұрасып, шығармашылығы туралы әңгімелейді. Сонда Әбілхан аға: «Бәрі жақсы. Бірақ үйім тар, шеберхана жоқ» дейді. Бұл кісі академик емес, Ғылым академиясында суретшіге үй беретіндей құзырет жоқ. Кейін Д.Қонаев 1956 жылы Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің төрағасы болғанда арнайы нұсқау беріп, Әбілхан ағаға арнап осы үйді салдырады.

«Сол жылы құрылыс басталып, суретшінің отбасы 1958 жылы көшіп келеді. Үй сапасыздау болып, 1966 жылы үйді бұзып, қазіргі тұрған үйді қайта салады. Бірақ жылу жүйесі қосылмаған, іштен от жағатын болады. Орталық жылу жүйесін қосып беру жөнінде бірнеше рет хат жазады. Бірақ қоспайды. 1973 жылы қазан айында ғана жылу беріледі. Әбілхан аға сол жылы қарашаның 3-і күні үйінің есік алдында сурет салып отырып, қайтыс болады. Қара шаңырағының жылуын бір жарым айдай ғана көреді», – дейді ол.

«Мұндай құбырлар біздің сиыр қорада тұрады»

Әбілхан ағаның өзін, суреттерін көру үшін ел ішінен бөлек, шетелден суретшілер келген. Себебі, оларға Қастеев қолтаңбасы ұнайтын. Шығармаларын «қарабайыр, натурализм басым» деп сынағанымен, бұл кісі шындықты бояу арқылы боямасыз көрсете білген. Сол үшін де туындылары шетелде жақсы бағаланды.

Бірде үйіне америкалық суретші Рокуэлл Кент келгенде шеберханасындағы екі үлкен, жуан құбырды көріп, не екенін сұрайды. Әбілхан аға үйді жылытатын құбыр екенін айтады. Сонда шетелдік суретші: «мұндай құбырлар біздің сиыр қорада тұрады» депті. Кейін мұны әкімшіліктің адамдары естіп, жылу құбырын ауыстырып берген.

«1968 жылы ағаның сұрауымен шеберхана салынып, суретшінің үздік туындылары дүниеге келеді. Өмірінің соңғы сәттерінде туған жері туралы, Қапшағайдың құрылысы, Түркісіб теміржолы, т.б. картиналарын дәл осы шеберханада салады. Осы шеберханада «Амангелді сарбаздары», «Қапшағай ГЭС-і», «Кенен Әзірбаев» сынды кескінде-

мелік шығармалары мен бірнеше акварельдік жұмысын жазды. Бір ғана Амангелді бейнесін жасау үшін жүзден аса эскиз жасаған».

Үйінен қонақтар үзілмейтін. Ағаның жары Сақыпжамал апаның (Сақыш дейді) дастарханы үнемі жаюлы тұратын. Екеуі де қонақжай жандар болған.

6 ұл, 2 қыз, 1 туыстарының жетім қалған қызын өсіреді. Балаларына өте мейірімді әке болған жан. 6 ұлы тете өседі. Суретшілер училищесінде оқып жүрген Нұртай деген өте талантты баласы 16 жасында жүрек ауруынан қайтыс болады. Тағы бір ұлы 20 жасында Семей полигонында әскерде жүргенде қайтыс болады. Екі бірдей ұлының өлімі әкенің жүрегіне ауыр салмақ салады.

«Қазір көзі тірі 2 ұл, 2 қызы бар. Әкесі туралы естеліктерін үнемі айтып жүреді. Аға жұмыстан келгенде Сақыш ана балаларының тентек болғанын, сабағы нашарлап кеткенін айтып, әкесіне бір жазалатын алғысы келетін көрінеді. Сонда Әбілхан ағаның жұмсақтығы, «бері кел» деп шақырып алады да, газетті бүктеп, құйрығынан салып жібереді екен. Көңілі баладай таза жан болған.

Іссапардан келгенде жұмыс үстелінің тартпасына кампит салып қояды. Қыздары шеберханасына кіргенде сол жерден алып береді екен. Қызы Гүлнәзия естелігінде айтады: «Ол кезде біз ештеңе түсінбейміз ғой, әлі баламыз. Сонда әкеміз бізді шақырып алып, салып отырған суретін көрсетіп:

P.S

Айна

Мына бір айнаның ерекше тарихы бар. Қонақ бөлменің қабырғасында ілулі тұрған айнаны суретші сурет салғанда көмекші құрал ретінде пайдаланыпты. Қалай дейсіз ғой?!

Адам желке жағын тек айна арқылы ғана қарай алатыны секілді, Әбілхан Қастеев сурет салып болғаннан кейін салған суретін осы айнаға жақындатып, мұқият қарайды екен. Сонда айнадан суреттің қисық, дұрыс салынбаған жері анық көрінеді.

Қастеев шығармаларындағы философиялық ойдың мәйегіне жету мүмкін емес. Десек те, көп жерде айтыла бермейтін тың деректерге қанықтық. Қара шаңырағында тұрған осы кішкентай айна оның туындыларының барлығы қазақ өмірінің айнасы екенін байқатып тұрғандай...

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Гүлнәзия ӘБІЛХАНҚЫЗЫ:

Өнегесі өмірге айналды

Әкемнің мінезі жұмсақ, өте жуас жан еді. Жас та, үлкен де қонақ болып, біздің үйге келетін. Бәрін құшақ жая қарсы алып, салып жатқан суретін көрсетіп, әңгімелейтін.

Суретшілер топ-тобымен, ауылдастар, журналистер, шетелдің делегациялары жиі келетін. Қонақ күтпеген бір күніміз болмайтын. Анамыз да ақшаның жоқтығын білдіртпей, дастарханды үнемі толтырып қоятын. Сонда әкеміз: «Сақыш-ау, ақша жоқ болса да, дастарханың ылғи дайын тұрады. Жоқтан бар жасайсың!» деп мақтайтын. Балаларына да сол нәрсені үйретіп кетті. Еңбек етіп, адал ас ішуге, тек түзу жолмен жүруге тәрбиеледі. «Таспен ұрғанды аспен ұр» дегенді жиі айтып отыратын. Қазір де сол ұстанымды ұстанып, әкеміздің атына кір келтірмеуге тырысып жүрміз. Айтқан өнегелерінің бәрі есімде.

«мына сурет қалай, дұрыс па?» деп сұрайтын. Біз «дұрыс» десек, қуанып, әрі қарай жалғастыратын. Ал «дұрыс емес» десек, сол жерін өшіріп, ерінбей қайтадан салатын».

Дауыс көтермейтін, үндемей жұмысын істеп отыра беретін. Суретшілер одағында неше түрлі дау-дамай болады ғой. Ол кезде көркемдік кеңес деген болды. Суретті көрмеге қоюға бола ма, болмай ма, социалистік реализмге келе ме, келмей ме, шығарманың шеберлігі қалай деген сынды талдау жүргізеді. Мықты суретшілер көп болған. Олардың кейбіріне Әбілхан ағаның суреттері ұнамайды. Бірде Суретшілер одағында әңгіме болған болу керек. Ағаның суреттерін қатты сынап, кемшіліктерін айтқан ғой. Сонда үйге келіп, суреттерінің бәрін жыртып, қайтадан салып шыққан.

Кейбір суретшілер әлі аяқталмаған суреттерін көпке көрсеткісі келмейді. Көз тиеді дей ме, бетін жауып тастайды немесе басқа бөлмеге алып кетеді. Ал аға біткен, бітпеген жұмыстарының бәрін көрсете береді екен. Біреуге ұнап қалса, суретін сыйға беріп кете беретін болған. Соның өзінде, мыңнан астам суреті қалды. Жоғалғандары қаниама?! Белгісіз».



Суреттерді түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.



ОЙТҮРТКІ

Ұлттық статистика бюросының мәліметтеріне сүйенсек, елімізде 18 жасқа дейінгі балалары бар 476 мың толық емес отбасы бар екен. Оның ішінде 423 959-ы балаларын жалғыз тәрбиелеп отырған ана болса, 52 мың жалғызбасты әкелер көрінеді.

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Бұл дерек 2022 жылғы халық санағының қорытындысы негізінде жасалған. Десек те, одан бері арада бір жыл уақыт өтті. Сан соқтырар көрсеткіш бүгінде артпаса, кеміген жоқ. Өйткені, елімізде балаларын жалғыз тәрбиелеп отырған толық емес отбасының қатары көп. Статистикаға жүгінсек, олардың басым бөлігін жалғызбасты аналар құрайды.

Алдымен толық емес отбасы мен жалғызбасты аналардың арасындағы айырмашылықты анықтайық. Заң бойынша толық емес отбасы деп ажырасқан, баласын бір ғана адам, яғни не әкесі, не анасы тәрбиелеп отырған отбасыны айтады. Ал жалғызбасты анаға заңды некеге тұрмай, балалы болған әйелдер саналады. Қалай айтсақ та, екі жағдай да толық емес отбасының қатарын толықтырып отыр.

Жасөспірімдер арасында әкенің қамқорлығы мен ананың мейірімін аңсаған бала көп. Неге?

САНДАР СӨЙЛЕСІН

Соңғы жылдары ажырасу дерегіне байланысты мынадай көңіл көншітпейтін деректер бар. Ұлттық статистика бюросының мәліметінше, 2022 жылы еліміздегі АХАТ органдары 128,4 мың некені тіркеген. Бірақ жыл соңына дейін олардың 44 517-сі ажырасып кеткен. Ал өткен 2023 жылы Қазақстанда 120 мың неке қиылып, дәл осы аралықта 16,7 мың ажырасу дерегі тіркеліпті. ҚР Ұлттық экономика министрлігі статистика комитетінің мәліметінше, 2015 жылы – 148 мың 769 неке тіркелсе, оның 53 мың 293-і ажырасып кеткен. 2014 жылы тіркелген 159 мың 328 некенің 52 673-і бұзылған. Сондай-ақ, 2013 жылы тіркелген 168 мың 417 некенің 51 мың 482-сі бұзылған. 2012 жылғы 164 мың 681 некенің 48 мыңы ажырасқан. 2011 жылы – 160 мың 494, 2010 жылы – 146 мың 443, ал 2007 жылы – 146 мың 379 неке заңды тіркеуге алынған. Ал 2005 жылы ажырасқан отбасы саны 35 мың 834 болса, 2015 жылы 53 мың 293-ке жеткен...

Заман түзелді дегенімізбен, сананы әлі тұрмыс билеп тұр. Әлеуметтік желі жалт-жұлт еткен дүниесімен арбап, қаржысымен қызықтырып барады. Жұрттың бәрі жетістік-



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

ТОЛЫҚ ЕМЕС ОТБАСЫЛЫҚ ӨМІР

үйреншікті әдетке айналып барады

БҰҒАН БАЛА КІНӘЛІ ЕМЕС

Жағдайды біржақты қараудан аулақпыз, әрине. Өмір болған соң ойламаған жерден түрлі апат салдарынан немесе денсаулығына байланысты жақынын жоғалтып, ойламаған жерден толық емес отбасына айналатындар бар. Мұндай сәттерде оларға мемлекет тарапынан көрсетілетін әлеуметтік көмектер беріледі.

Сандарды сөйлеткенімізде, отбасын құрған жұптардың үштен бірі ажырасып кететінін байқадық. Өкініштісі, бұл көрсеткіш жылдан-жылға ұлғаймаса, кемімей келеді. Ол үшін не істеу керек? Сәбилердің ертеңіне сызат түсіріп, тірі жетім етпеу үшін қандай амалдар қажет? Ажырасудың жолын қалай кесеміз? Сарапшылар бұл сауалға жалғызбасты әке немесе ана тәрбиелеп отырған шаңырақтардың санын азайту үшін бізге ең бірінші отбасы құндылықтарының маңызын арттыруға күш салу керек деп есептейді.

Шаңырақтың шайқалуы отбасындағы әр баланың тағдырына әсер етпей қоймайды. Сондықтан «мінезіміз үйлеспеді» деп келте ойлау болмас. Ал ажырасу барлық мәселенің шешімі деу қиын. Ерлі-зайыптылардың жарасымды жұп бола алмауына бала да кінәлі емес. Оның негізгі себебі – ата-аналарының арасындағы сыйластыққа түскен сызат.

«Үйлену оңай – үй болу қиын». Ол рас. Отау құрған екі жас ешқашан ертең ажырасамыз деп ойламайды. Бірақ үй болған соң ыдыс-аяқтың сылдырламай тұрмайтынын, ері ашуланғанда әйелі қарсы сөйлемеді білсе, шаңырақтың шаттығы, босағаның беріктігі арта түседі.

Психологтардың айтуынша, ажырасудың басым бөлігі 40 жасқа дейінгі отбасыларда, оның ішіндегі ең көбі 25–29 жас арасындағы жастарда жиі орын алады екен. Бірақ ажырасу бір ғана себептен тұрмайды. Оның себебі көп.

Ең бірінші материалдық жағдай әсер етеді. Табыстың төмендігі, баспананың болмауы, жұмыссыздық, несиеңі төлей алмау салдарынан қарызға бату... Одан кейін баланың болмауы, діни көзқарастың сәйкес келмеуі, ене мен келіннің тіл табыса алмауы, ішімдікке салыну, құмар ойын, зорлық-зомбылық та жұбайлар арасындағы сыйластыққа сызат түсіреді.

Міне, мұның барлығы толық емес отбасы, жалғызбасты ана, жалғызбасты әке, тіпті, жетім балалар санының артуына алып келуде.

ӘКЕМ БОЛСА ҒОЙ...

Кішкентай ғана Гауһардың бала арманы бар. Анасы Айымның ғана махаббатынан нәр алып, тәрбие көрген бүлдіршін бүгінде қала мектептерінің бірінде 5-сыныпта оқиды. Байқағанымыз, оқуда озат, тәртібі үлгілі болса да, баланың жанарында бір мұң бар. Гауһар әкесінің жоқтығын түрлі мереке кезінде қатты сезінетінін айтады. «Шіркін, менің де әкем басқа қыздардың папалары секілді қасымда болса ғой... Достарым ТикТокта әкелерімен бірге түскен суреттерін, қыдырып жүрген сәттерін жариялағанда қатты қызығамын. Жылағым келіп кетеді» дейді ол көзі жәудіреп. Біз бір ғана бүлдіршінің ішкі тебіренісін мысал ретінде айтып отырмыз.

Ал шын мәнінде өмірде әкенің қамқорлығы мен ананың мейірімін аңсаған қаншама бала бар?! Бұрындары екі жас ренжісіп жатса, ағайындары келіп татуластырып жататын. Екі жақтағы құдалар бір-бірімен байланыс орнатып, жастарды отбасылық өмірге бейімдеп, үлкендер ақылдарын айтып отыратын. Ал жастар олардың сөзінен аспай, ақылдарын тыңдайтын. Осындай ымырашылдықтың арқасында бұрындары ажырасу деген ілуде біреу болмаса тіпті болмаған деседі. Қазір ажырасу үйленуден де оңай. Соған қарағанда қазіргі жастарда өзімшілдік пен тәкаппарлық басым ба дейсің. Түптеп келгенде, мұның барлығы қоғамдағы отбасы институтының әлсіреуінен деуге болады.

Ажырасуға, яғни отбасылық өмірге қандай жағымсыз факторлар әсер ететінін білу мақсатында 1000 адамнан тұратын 25–50 жас аралығындағы азаматтарға сауалнама жүргізген болатынбыз. Көпшіліктің пікірінше, ең басты себеп – материалдық қиындықтар (60,5%), екінші орынға мінез жараспауы (30,4%), үшінші кезекке туыстардың отбасылық өмірге араласуы (25,9%), төртінші – саби сүю мүмкіндігінің болмауы (25,4%), бесінші – баспананың жоқтығы (23,8%).

Егер ажырасудың қарқыны тап осылай жалғаса беретін болса, мұның арты жақсылыққа апармайды. Өйткені, қазіргі жастар отбасын емес, қара бастың қамымен, қызылжасыл дүниенің соңында жүр...

Сөзіміздің тоқетері, толық емес отбасындағы бала мәселесі бәрінен жоғары. Ажырасуды оңай жол санағандарға ананың орнын әке, әкенің орнын ана баса алмайтынын айтқымыз келеді.

ТҮЙІН:

Иә, біз өнегелі отбасыларға кенде емеспіз. Басынан қаншама қиындық өткізсе де, тағдыр тауқыметін жұбымен бірге көріп, отбасын сақтауға бар күш-жігерін салған, бүгінде мәуелі бәйтерекке айналған үлгілі қазақ отбасылары көп. Демек, біз үшін отбасы киелі ұғым. Жастар осыны түсініп, өмірі өнегелі отбасыларға қарап бой түзесе, жақсыларға еліктесе дейміз.

СІЗ НЕ ДЕЙСІЗ?

Айгүл АСҚАРҚЫЗЫ,
балалар психологі:

БАЛАНЫҢ СЕЗІМІН ҚҰРМЕТТЕУ КЕРЕК

Отбасы үшін бала – үлкен құндылық. Ол – отбасының беріктігі мен ынтымағын біріктіруші, сол әулеттің ұрпағын жалғастырушы тұлға. Отбасының бір мүшесі ретінде де өзіндік құқыққа ие. Жалпы, отбасындағы түрлі себептер – ата-анасының ажырасуы, анасының немесе әкесінің өмірден өтуі балаға үлкен күйзеліс тудырады. Бұл жағдайға бірде-бір бала немқұрайды қарай алмайды. Ата-анасының өмірден өтуін үлкендердің ақыл-кеңесі арқылы қабылдағанмен, бәрібір ішкі жан-дүниесінде көңіл толмаушылық басым болады. Ал ажырасу кезінде ата-ана өз шешімдерін баламен ақылдасып, пікірін білуге құлықсыз. Баланың құндылығы, өзіндік орны осы жерден төмендейді. Толық емес отбасында өсіп жатқан балалардың көпшілігі сырттай білдірмегенмен, іштей үлкен күйзелісте жүреді. Бастапқы кезеңдерде, яғни кішкентай жаста түсінбей жүруі мүмкін, есейе келе үлкендердің шешіміне деген (ажырасу жағдайында) өзіндік өкпе-реніші болады. Айналасындағы толық отбасында өсіп жатқан қатар құрбыларының іс-әрекеттері, өмір сүру дағдылары ойландыра бастайды. Сол кезден бастап, басым көпшілігі өзін төмен сезінуі, өзін лайықсыз көруі сияқты сезімдері ортаға еркін араласып кетуіне, ойын ашық айтуға қорқақтап, жасқанып жүреді.

Бұл – ата-анасынан айырылған балаларға да тән. Мұның үлкен бір себебі – баланың толыққанды отбасында өсіп жатпағандығына өзінің де кінәсі бар немесе кедергі болған сияқты ішкі толқынысы мінез-құлық, әрекеттерінен де көрініс береді. Сабағының төмендігі, мұғалімге өзін көрсете алмауы, достарының аз болуы, өзінің қабілеттерін жасырын ұстауы, жаман ортаға бейімделу, үнемі көңілсіз жүру, тұйықталу, оңашалану, тез жылап қалу, өкпеңіл болуы да жазарыдағы себептерге байланысты туындайды. Мұндай балалардың ішкі сезімдері жасырын болғандықтан жасөспірім кезеңдерінде сыртқа ашумен білдіріп жатады. Сол кезде ғана үлкендер баласында проблеманың бар екенін мектепке, психологтарға айтып шағымданып жатады. Мұндай жағдай орын алмас үшін бала қай жаста болса да, оның да пікірін, өзіндік қалауы мен ұсынысына мүмкіндік беріп, жанына жарақат түспейтіндей түсіндіріп, үлкен адамдарша сөйлесіп, сезімдерін құрметтеу керек.





ТИЛШІ ТАЛДАУЫ

КИІМНІҢ ДЕ КИЕСІ БАР...

Жақсы амалдың бәрі – құндылық

Адам киімсіз болмайды. Тіпті, жарық дүние есігін енді ашып жатқан шарананың өзін жөргекке орап құндақтаймыз. Адамзат палеолит дәуірінде үстіне тігіссіз, байланатын лыпалар іліпті. Ал неолит кезеңінде өсімдіктерді өру, піру, тоқу кәсібін игергеннен кейін, нықтан, мықыннан киілетін киім түрлері пайда болған деседі. Мәселен, үнділер сари, шалма, шәлі; кавказдықтар бурка; римдіктер тога; ежелгі гректер гиматий; солтүстік халықтары теріден жасалған тұлып кие, қиыр шығыстықтар теңіз жәндіктерінен киім дайындаған көрінеді. Ал біздің малсақты қазақтың киімдері көбіне малдың терісінен, жүнінен тігілгені мәлім.

Нұржамал
ӘЛІШЕВАКИІЛМЕЙТІН КИІМ-КЕШЕКТІ
ҚАЙДА ЖІБЕРЕМІЗ?

Уақыттың уысындамыз. Сондықтан күн-дердің сырғуымен, жылдардың жылжуымен, жаһанның дамуымен бүгінде киімдер де түрленген. Яғни қазір ешкім денесіне жапырақ байлап жүрмейді, сауда нүктелерінен қалағаныңызды табуға болады. Бірақ үстіңізге ілген киім де уақыт өте ескіреді немесе бір-екі киілген соң, жаңасын алғыңыз келіп тұратыны бар. Сөйтіп, шкафыңыздың сөресі тола береді. Ал ескісін тоза қоймаған соң, кезінде қыруар қаржыға алғасын тастауға қинаймыз. Керегі болып қалар деп, жылдап жинай беретіндер де бар.

Қазақта бас киімді, ер адамның киімін, жағасын аяққа баспау керек деп, оған айрықша мән берген. Тіпті, бұрынғы аналар еркекті құрмет тұтқаны соншалық, ер кісінің киімінің үстінен аттап, аяқпен баспақ түгілі, әйелдің киіміне қоспай бөлек жуған. Бірді айтып, бірге кетеміз, сонымен не істейміз, киілмейтін киімдерді қайда жіберуге болады?

Қалада тұратындар дорбалап ауылға беріп жіберіп жататынын білеміз. Ол да дұрыс. Ауылда баласы көп отбасылар аз емес, ойынға, есік алдына, ал ересектер мал қоралауға шыққанда, шөпке киіп тастаса да жаман емес, ең бастысы, қажетке жарады. Ал кейбір үйлерге барғанда, балалардың қысқарған жап-жаңа киімдері немесе ерлердің футболкалары есігінің алдында еден сүрткіш болып жатады. Денемізден түскен киімдердің де қалай болса солай жатпағанына мән берсек артық болмас еді. Сондықтан ауылға дорбалап емес, сұрыптап, туыстарға шақ келетінін, тәуірлеуін, көңілдерінен шығатын бүтінін жіберген дұрыс шығар.

«МАҒАН ЖАҒАСЫН БЕРІҢІЗ!»

Әлеуметтік жағдайы төмен жандардың мешіттерге барып көмек сұрайтынын хабардармыз. Азық-түліктен бөлек, киілмейтін киімдерін де мұқтаж жандар киіп қалар деген ниетпен апарып беретін тұрғындар бар ма екен? Бәлкім, мешіттердің жанында арнайы осындай орындар бар шығар? Осы сауалдарымызды Алматы қаласы Орталық мешітінің өкілдеріне қойып көрген болатынбыз. Бізге осы мешіттің наиб имамы Тимур Алиев жауап берді.

– Бір жылдары біздің қаладағы 54 мешіттің жанынан арнайы орын бекітіліп, контейнерлер қойылды. Соған қала тұрғындары киілмейтін киімдерін апарып салып кететін. Сосын мұқтаж жандар ішінен өзіне керегін, шақ келетінін таңдап алып жататын. Бұл жұмысты қайырымдылық қорының өкілдері Алланың разылығы үшін деп тегін атқарды. Бірақ уақыт өте қор жабылып қалды. Неге? Ойлап қарасаңыз, бір ай жалақы алмай қалсақ қалай боламыз өзіміз, ал олар екі-үш жыл үздіксіз тегін істеді, сосын шаршады. Қазір бұл функция біздің Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасы жанынан ашылған «Зекет және қайырымдылық қорына» өтті. Бірақ бұл қордың тікелей жұмысы емес, дегенмен киілмейтін киім-кешегін сонша жерден көтеріп әкеліп тұрған адамды қайтарып жібермейді, волонтерлар қабылдап алады. Со-сын керек еткен жандар бұрынғыдай таңдап алып кетіп жатады.



– «Киілген киімдер болса да, алайын деп едім» деп келетін жандар қатары көп пе әлі де, әлде сиреді ме?

– Бұрынғыдай тым көп болмаса да, бар. Біз дәл тоғыз жолдың торабында орналасқандықтан, қаланың төрт бұрышынан ағылатын жолаушылардың тоғысатын жері мына тұрған «Саяхат», одан арысы – «Көк базар», сондықтан контингент әртүрлі. Қоғамды құрап отырған адамдар да әртүрлі. Бірі осы киілген киімдердің өзіне шын мұқтаж екенін білдіріп, бұйырғанына қанағат етіп, Алла разылығы үшін рахмет деп дұғасын айтып кетіп жатса, кейбірі «маған жаңасы керек» дейді. Бірде бір апай келді. «Далада қалып қойдым, аяқкиіммен су өтіп жүр, ақша берсеңіз» деді. Қалтамдағы бес мың теңгемді ұсынып едім, «бұл ақшаға не келеді қазір?» деп ренжігендей болды. «Онда жүріңіз» деп, киілген болса да жуылған, қатталып, жиналып тұрған киім-

кешектер бөлмесіне ертіп апардым. Мұнда киілген болса да кейде сапасы жақсы, бренд киімдер де, аяқкиімдер де түсіп тұрады. «Мен біреудің ескі-құсқысын кимеймін!» деді апай. Кейде сондай сәттерде көңілің түсіп қалады. Бірақ шариғат шеңберінде жүрген соң Алла разылығы үшін ынсапты, сабырлы болуға, алдыңызға он түрлі мінезді адам келіп тұрса да, бәрін бірдей, тең қабылдау ұстанымынан танбауға тырысамыз.

Қазір уақыт басқа, жаңа, сәнді киім кигіміз келеді. Сондықтан киілмейтін киімдеріңді өртеп жіберуге, үйіміздің маңындағы тұрмыстық қалдықтарды тастайтын темір жәшіктердің алдына қалдыруға болады. Бірақ киімдердің аяқтың астында қалмауын ескерген абзал. Яғни жәй шүберек демей, оған да құрметпен қарап, пакеттерге салып, ит-құс шашып, жұлмалап тастамас үшін жақсылап буып, түйіп қойған дұрыс.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Тимур АЛИЕВ,
Алматы қаласы Орталық мешітінің
наиб имамы:ШАРИҒАТ ПЕН ДӘСТҮР
САБАҚТАС

«Қайтыс болған адамның киімдерін жақын-жуыққа тарату жөнінде не айтар едіңіз?» дейсіз бе? Бұл қазақтың дәстүрінде бар жоралғы. Шариғатқа да еш қайшылығы жоқ. Бізде жалпы шариғат пен дәстүр сабақтасып жатады ғой. Ислам діні бойынша, қайтыс болған кісінің атынан садақа беруге болады және оның сауабы өліге тиеді деп есептеледі. Ең абзалы – киюге жарамдысын егер мұқтаж адам табылып тұрса немесе туыстарыңыздың арасынан, көрші-қолаңнан болсын, марқұмнан көзіндей көріп жүріңіздер деп, ал қайтыс болған адам үлкен кісі болса, тәбәрік деп, сол адамның жасын берсін деген жақсы ниетпен, ырыммен таратқанда тұрған ештеңе жоқ.

Тәліпхан БАЙСӘРСЕНОВ,
Кендала ауылдық мешітінің (Талғар ауданы) имамы:

ЖОҚ-ЖІТІКТЕРГЕ ҚАРАЙЛАСУДЫҢ БІР ЖОЛЫ

Бізден ары, күре жол бойында бірнеше саяжай бар, көпбалалы отбасылар да аз емес. Бізден киімнен гөрі, көбіне азық-түлік сұрап келіп жатады. Ол жағынан жергілікті кәсіпкерлер көмек қолын созып тұрады. Садақа ретінде жаңа киімдер де әкеліп беретін азаматтар бар. Киілген киім-кешегін көтеріп келген адамдардың да пакетін алып қаламыз, бір жағынан көңіл қалмасын деп, екіншіден, оны да киетін мұқтаж адамдар табылып қалар дейміз. Шыны керек, қазір адамдардың да ойы өзгерген, жаңасын көбірек сұрайды. Үлкен күре жолдың бойында тұрған азық-түлік дүкендерінің алдына қойып кететіндер жандар да бар, сол жерден мұқтаж адамдар керегін алып жатады. Бұл да бір жоқ-жітіктерге қарайласудың бір жолы деп ойлаймын. Жақсы амалдың бәрі – құндылық.

Ардаңа САРДАРҚЫЗЫ,
мұғалім, Алматы тұрғыны:

ӘКЕМДІ ЕСКЕ ТҮСІРІП ТҰРАТЫН

Бала күнімізде бір үйдің балалары бір-біріміздің киімімізді киіп өстік. Ол тұстағы киімдер сапалы болатын. Марқұм шешем киілмей тұрған немесе ескірген, қысқарып қалған киімдерді тастауға обалсынып, құрақ көрпеге пайдаланатын, бөстек, табалдырыққа төсейтін шағын төсеніш тігетін. Ал қазір сөйтіп неге тікпейсің деу дұрыс емес шығар. Өйткені, қазір бәрі бар, заманауи заттарды тұтынған жақсы ғой. Қазір әркімнің өз киімі өзіне жетеді, сондықтан жер үйде тұратындықтан, киілмейтіндерді жағып жіберемін.

Есімде, ұзақ жыл ұстаздық еткен әкем қайтыс болғанда, киімдерін жақын-жуықтарға таратты. Көршімізде жасы үлкен ата болатын (бәлкім, бізге ата болып көргенген болар сол кезде), бір киімін сол кісі де алды. Ата ылғи есігінің алдында темекі тартып отыратын. Сонау нарық жылдары ғой, тұрмысы да төмендеу болғаны есімде сол үйдің, шиегетей бала. Маған сол атаның күншуақта отырған сәті сондай ыстық көрінетін, үстінде марқұм әкемнің костюм-шалбары. Кейін ойласам, марқұмның киімін тарату дәстүрін жоқ-жітіктің қажетіне жарасын деп атам қазақ шығарған-ау, шамасы. Кез келген амалдың арғы жағында осындай қайырымдылық, адамгершілік деген құндылықтар жатса, жақсы ғой!

ТҮЗДЫ СУМЕН
ЖУҒАН ДҰРЫС

Орталық мешіт ауласынан орын тепкен «Зекет және қайырымдылық қоры» Алматы қаласы өкілдігінің офисінде де болды. Мұнда этикеткасы да алынбаған жаңа балалар киімдерімен бірге, ойналған ойыншықтарды да көзіміз шалды. Мұқтаж жанның қажетіне жараса деген қайырымды, мейірімді жамағаттың аз еместігіне қуандық осы сәт.

Біздің байқағанымыз, киілген киім-кешегін әкелген адамдар целлофан пакеттерге бүктемей, жеңін, балағын салақтатып сала салып, қалай болса солай, есік көзіне тастап кететін көрінеді. Ал әр киімді жуып, таза күйінде бөлек-бөлек пакеттерге салып, ұқыпты етіп жеткізетіндер де жоқ емес екенін байқадық. Сайып келгенде, жәй ғана киімдерді біреуге беру немесе керегінді таңдап алу сәтінде де бізге кейде мәдениет, тазалық, өзгеге құрметпен қарау сынды қарапайым адами құндылықтар жетпей жататын секілді.

Бір жылдары Алматы қаласында кісі аяғы көп жүретін сауда-ойын-сауық орталықтарынан киім-кешектер қабылдайтын бірнеше бокстар ашылған-ды. Жастардан құралған еріктілер тұрғындардан жиналған киюге жарамды киімдерді, аяқкиімдерді сұрыптап, жағдайы төмен отбасыларға, балалар үйлеріне, әлеуметтік көмек орталықтарына апарып беретін. Қазір елдің жағдайы жақсарды ма, киілмеген киімдер сұрап жатқан ағайынның қарасы бұрынғыдай көп емес. Әрине, тұрмысымыздың түзелгеніне қуанамыз.

Айтпақшы, біздің шаһарда бөтеннің, бөтен болғанда да мұхиттың арғы жағындағы еуропалықтардың киіп тастаған киімдерін сататын дүкендер көп. Оларды «Секонд-хенд» (second hand – ағылшын тілінен аударғанда, «екінші қолдан шыққан» дегенді білдіреді) дейді. Еуропада бір киімді біз сияқты екі-үш жыл киіп жүріп алмайды, бір маусым ғана киюі мүмкін, сосын өткізіп жібереді. Мамандар «секонд-хенд» киімдерін кимес бұрын оларды тұзды суда жуып барып, пайдалануға кеңес береді. Айтпақшы, шетелде «Секонд-хендке» тауарлар коммерциялық және коммерциялық емес жолмен жиналады. Алғашқылары киімдерді сатып, өздері пайда тапса, екінші құрылым тапқан табыстарын экономикасы нашар дамыған елдерге азық-түлік, дәрі-дәрмек алуға жұмсайды екен.

МҮШЕЛ ЖАСТА
КИІМ БЕРУ ДЕ – САДАҚА

Алматы іргесіндегі Талғар ауданына қарасты (Алматы облысы) Кеңдала ауылдық мешітіне де бас сұқтық. Өңгіміміздің төркіні киім-кешек болған соң аталған мешіттің имамы Тәліпхан Байсәрсеновке:

– Мүшел жаста жақсы киімді беру деген де бар. Бұл туралы не дер едіңіз? – деген сауал қойдық.

– Бұл ата-бабамыздан келе жатқан жақсы бір дәстүр. Жалпы, мүшел жаста садақа ретінде тек жақсы көретін қимас киіміңізді ғана емес, ақшалай да беруге болады. Бұл – тағы бір мүшелге жеткені үшін Аллаға шүкіршілік айту, сонымен қатар, екінші адамды жақсы киіммен қуанту. Иә, жақсы көретін киім, затын берген адам, сондай-ақ, өзіне төнген қауіп-қатер, сырқат садақа беру арқылы кетеді деп сенген. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) айтады, кез келген садақа келе жатқан бәле-жаланың бетін қайтарып жібереді. Демек, бұл аман-саулық жолында берілген садақа, – деді Тәліпхан Байсәрсенов.

Иә, қазақта мүшел жас қауіпті кезең болып саналады. Сондықтан оған қатысты ырымдар да бар. Ертеректе үлкендер адамның өмірі әр он екі жылдан бір қайырылғанда қамыстың бунағына ұқсайды деп санаған. Ал қатты жел тұрғанда қамыс буынынан сынатынын ескерсек, өмірдің буыны мүшел жас деп қараған секілді атам қазақ. Сондықтан мүшел жасында адам неғұрлым сақтанып жүрген көрінеді. Мүшел жасқа келген жанның өзінің жақсы көретін киімін немесе бағалы затын біреуге сыйлау керек деген ұғым да осыдан шықса керек.

Әрине, бұл бір мүшелге толғанда қимас затынды сыйламасаң, міндетті түрде бір пәлеге тап келесің деген сөз емес болар. Дегенмен, санамызға сіңіп, өмір сүру салтымыздың бір бөлшегі сынды қабылдауға кеткен ырымды көденің еш зияны жоқтығы тағы аян. Жақсы затын немесе киімін басқаға сыйлаған адам сол қадамы арқылы өз көңілін өзі демеп, рухани түрде бір серпіліп қалатын болса, ал жарқыраған бұйымға немесе жақсы киімге қолы жеткен мұқтаж адам, яғни екінші тарап одан да бетер қуанышқа бөленеді. Нұр үстінде нұр емес пе бұл.



МАМАН КЕҢЕСІ

Қоғамда тәртіпке көнбейтін, тезге салсаң түзелмейтін «қиын бала» тобына жататын балалар бар. Әдетте, мұндай балаларға мектептің де, ата-ананың да күші жете бермейді. Неге? «Қиын бала» да кәдімгі бала. Мұндай балалардың басты айырмасы – мінезді, ережелерге бағынбайды, ата-аналар мен мұғалімдерінің талаптары мен көзқарастарына ашық наразылық білдіріп, әдеттегі жүйеге қайшы әрекеттерге барады.

Көбінесе баланың отбасында алған психологиялық жан-жарасы оның «қиын балаға» айналуына себеп болады. Әрине, жас бала өмірдің кез келген қиындығын өзіне соққы ретінде қабылдауы мүмкін. Алайда, ата-аналар өздерінің жіберген қателіктерін ұмытып, «бәрі ертең-ақ ұмыт болады» деп ойлауы мүмкін. Баланың жан-дүниесіне үңілмей, жара салу оның болашағына балта шабумен бірдей. Міне, баланың жас өскін кезінен қалыптасқан агрессия, біреулерге деген өкпе-назы өсе келе, оның теріс жолды таңдауына себеп болады. Осылайша көп жағдайда қатыгез, қиын адамға қалай айналығанын өзі де білмей қалады. Бала өзінің жасына байланысты бойындағы бұл өзгерісті жеңе алмайды. Ол қысымға, зорлық-зомбылыққа және агрессияға қалай қарсы тұруды білмейді. Сондықтан ол кез келген сауалдың өзіне агрессиясымен жауап береді. Бұл оның қолынан келетін нәрсе.

Қоғамдағы балалардың «қиын бала» санатына агрессивті әрекет ететін және тіпті заңды бұзуы мүмкін балалар да кіреді. Ешқандай бала іштен «қиын» болып тұмайды.

Сонымен қатар, көбінесе балалар айналасындағылардың мінез-құлқын өзіне «көшіріп» алады. Оны қалыптастырып деп санайды. Сондықтан біз «қиын баланың» шығу себепін білуіміз керек.

Тіпті, «қиын балалар» тұрмысы жақсы, өздері жайлы отбасыларда кездеседі. Оның себебі – отбасындағы ата-аналардың бір-біріне деген суық қарым-қатынасы. Көп жағдайда ата-ана үшін бала ұқыпты болуы керек, жақсы баға алып, өз бөлмесін таза ұстауы керек. Бала осындай талапты орындаса болды деп санайды. Осындайда кейбір бала қалыптан шыққысы келіп, наразылық білдіре бастайды. Үлкендермен дөрекі сөйлесіп, тіпті жүре жауап беретіндері де

«ҚИЫН БАЛА»

қандай қателік жасаса да, жазалауға асықпаған жөн

болады. Содан кейін ғана ата-аналар бәрін тастап, баланың ісімен айналыса бастайды. Көбіне ата-анасының назары мен жылуы жетіспейтін балалар «мен өзімді жақсы ұстасам да олар мені байқамайды. Мен бұзақылық жасай бастағанда, олар маған назар аудара бастайды» деп те тұжырым жасайды екен. Осындай қорытынды жасағаннан кейін балалар ата-анасының назарын аудару үшін өзіне немесе басқаларға зиян келтірсе ғана өздеріне назар аударады деп санайды.

Ұзақ жылдан бері бала жанын зерттеп, оның өсіп-қалыптасуында қандай кезеңдерден өтетінін зерделеп келе жатқан ғалым Майраш Сембаеваның айтуынша, бала қандай қателік жасаса да, жазалауға асықпаған жөн. Егер ата-аналар баланы ұрып-соғып, оған айқайлап, оны балағаттаса, олар зорлық-зомбылық пен агрессия шеңберін жабатын көрінеді.

– Біріншіден, күнде айқай естіген баланың бұған бойы әбден үйренеді. «Қойшы, ұрсады, азар болса ұрар», – деп көңдігіп кетеді. Өйткені, кішкентай кезінен агрессивті әрекет ете бастаған ата-аналарға баласы да ерте ме, кеш пе, наразылық білдіріп, агрессивті әрекет ете бастайды. Ата-аналардың баласына айтуларда ең алдымен айтатын сөзі «мен сені тамақтандырамын, киіндіремін, менің үйімде тұрып жатсың ба, яғни сен бәріне мойынсұнуың керек!». Ата-ана баласының қажеттіліктерін тек материалдық жағынан ғана емес, сонымен бірге эмоционалды қажеттіліктер, бірге сапалы уақыт өткізу тұрғысынан да мұқият болуы керек. Отбасындағы рөлдерді бөлу тәртібін енгізу қажет. Отбасының әр мүшесінің балаға қатысты функцияларын екіншісіне ауыстырмай-ақ өз міндеттемелері болуы керек. Отбасында өзара түсіністік пен сенім орнауы маңызды. Отбасында зорлық-зомбылық пен агрессияны көріп өскен балаға осы шеңберден шығу өте қиын. Сондықтан ата-аналарға айтарым, балаңызбен жайма-шуақ, тыныш үнмен сөйлесуге тырысыңыз, – дейді маман.

Маманның айтуынша кез келген ата-ана баласының бойындағы ауытқуын байқаған болса, мінез-құлқындағы ерекшеліктер туралы айтуы керек. Қазір көптеген мектептерде баланы мектепке қабылдағанға дейін сауалнамалар толтырады. Ата-аналардан баланың жеке басын, мінезін, әдеттерін, мінез-құлқының ерекшеліктерін сипаттау



Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Мейірім СЕРІКҚЫЗЫ, психолог:

– Жалпы, мінез-құлқы әлеуметтену процесінде қабылданған ережелер мен нормалардан ауытқитын балаларды қиын деп атайды. Әдетте, баланың бойындағы алғашқы проблемалар үш жасстан басталады. Қиын балалардың мінез-құлқы басқаларға және өзіне қатысты агрессияның (аутоагрессия) басқарылмауымен және өрішуімен сипатталады. Бастапқы әлеуметтенудегі қиындықтарға және өз сезімдерімен күресуге қабілетсіздігіне байланысты қиын балаларда көбінесе жақын достар болмайды. Қысқасы, қиын бала – бұл ата-анасының сүйіспеншілігі мен назары жетіспейтін бала.

сұралады. Әрине, мұндайда шындықты айту керек. Өйткені, бұл ақпарат балаларды тәрбиелеу жауапкершілігін мұғалімдерге беру үшін емес, туындайтын қиын жағдайларға уақытында бірге жауап беру үшін қажет. Жалпы, тәрбиеде сабақтастықтың рөлі зор. Бұл, әсіресе, бастауыш мектепке қатысты. Егер ата-аналар тәрбиешілермен тығыз жұмыс жасаса, балаға бейімделу оңайырақ болады.

Әсте, ата-ана мен бала арасындағы әңгімелесудің де өз әдебі бар. Оның жасаған қателігін, іс-әрекетін талдап-талқылау керек. Мұндай кезде ұзақ жалықтыратын қызыл сөз емес, оның неліктен өзін осылай ұстайтынын,

жағымсыз әрекеттердің себебі неде екенін білу керек. Сұрақтар қойып, жауаптарын тыңдау керек. Өзара ортақ диалог болу керек. Балаңыздың теріс әрекет етіп, ұрынып қалмауы үшін не көмектесе алатыныңызды сұраңыз.

Егер сіздің максатыңыз өз балаңызды түсіну болса, ол сізге ашылады. Кей бала ата-анасына сенбейді. Бәлкім, сіз оған айқайлап, ұрған шығарсыз. Сосын ол сізді жақсы көрмеймін деп шешуі мүмкін. Мамандардың зерттеулері бойынша қоғамдағы әрбір «қиын баланың» артында реніш, жалғыздық тұр. Егер бала бақытты болса, ол «қиын балаға» айналмайды.

КАДР

ҮМІТКЕРЛЕР БАС ҚОСҚАН КҮН

Алматы қаласынан 13 педагог мектеп директорларының кадрлық резервіне енді

Былтырғы жылдан бастап Мемлекет басшысының тапсырмасымен Президенттік Жастар кадрлық резервінің үлгісі бойынша білім берудегі өзгерістердің көшбасшыларын іріктеу және даярлау жөніндегі жобасы іске асырыла бастаған еді. Осы уақыт ішінде кадрлық резервке тіркелген үміткерлер 6 айдың ішінде іріктеуден өтіп, өздерінің кәсіби, басқарушылық, аналитикалық дағдылары мен құзыреттерін дамытты.

Жалпы, 5 кезеңнің қорытындысы бойынша республикалық кадр резервінде еліміздің барлық өңірінен 208 кандидат бар. Осы үздіктер қатарынан табылған Алматы қаласының 13 педагог мектеп директорларының республикалық кадрлық резервіне еніп отыр. Кадрлық резервке енген үміткерлер арасынан Алматы қаласының 7 педагог ешқандай конкурстық рәсімсіз басшылық лауазымға тағайындалды.

Сонымен, №171 жалпы білім беретін мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Венера Маджара №171 жалпы білім беретін мектеп коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директоры болып бекітілді. Келесі үміткер Болат Ханатұлы қаламыздағы №69 жалпы білім беретін мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары қызметінен №209 мектеп-гимназия директоры лауазымына тағайындалды. Алмалы ауданындағы



№179 жалпы білім беретін мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары қызметін атқарған Ерлан Мұратбаев №184 жалпы білім беретін мектеп директоры лауазымына, №121 жалпы білім беретін мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Марзия Панаева аталмыш №121 жалпы білім беретін мектеп директоры болып бекітілді. Сонымен қатар, қаламыздағы №34 гимназия директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Сәуле Серікбекқызы №118 мектеп-гимназия директоры, №172 мектеп-гимназия директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Алмагүл Имашева №195 жалпы білім беретін мектеп директоры болып өз қызметіне кірісті.

Еліміздің «ең үздік педагог» атанған М.Мақатаев атындағы №140 гимназия директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Дәурен Сағынғалиев «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы бойынша салынып жатқан жаңа мектептің кураторы болып бекітілді.

БЕЙНЕБАҚЫЛАУ

ҚАУІПСІЗДІК ШАРАЛАРЫ ҚАТАҢ САҚТАЛАДЫ

Алматыда «кешенді қауіпсіздік жүйесі» жобасын іске асыру аясында мемлекеттік орта және мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында қауіпсіздіктің кешенді жүйелерімен, яғни бейнебақылау камераларымен, дабыл түймелерімен, турниктермен, өртке қарсы қауіпсіздік жүйелерімен және басқа да маңызды жабдықтармен қамтамасыз ету бойынша жұмыстар кеңінен жүргізіліп отыр.

Бүгінгі таңда Алматыдағы 186 балабақшаға жабдықтар орнату жұмыстары жүргізілді. Мәселен, 8638 бейнебақылау жүйесінің 7062-сі ішке, 1576-сі сыртқа орнатылды. Сонымен қатар, қаламыздағы барлық балабақшалар Алматы қаласы Полиция департаментінің жедел басқару орталығына (ЖБО) сигнал беру мүмкіндігі бар өртке қарсы қауіпсіздік жүйесімен де қоса жабдықталған. Мемлекеттік меншік нысанындағы мектепке дейінгі білім беру ұйымдары толығымен бақылау жүйелерімен (домофондармен), бейнебақылау камераларымен, дабыл түймелерімен және өртке қарсы қауіпсіздіктің кешенді жүйелерімен жарактандырылған.

Өткен жылғы желтоқсан айынан бастап мектептердегі барлық бейнебақылау камералары мен ООО-ға қосылған дабыл түймелерін жаңарту жұмыстары басталды. Қазіргі кезде 215 мектепте 12 475 бейнебақылау камерасы, 215 дабыл түймесі, бетті тану мүмкіндігі бар 415 турникет орнатылды. Сонымен қатар, қаламыздағы 15 интернаттық мекеме ғимаратының іші мен сыртына 277 бейнебақылау жүйесі орнатылды. Осы камералардың 95-і қалалық ПД ЖБО-ға қосылған. Сондай-ақ, 15 интернатқа 15 дабыл түймесі орнатылып, 8-8 мамандандырылған күзет қызмет көрсетеді.

Қаланың колледждері де қауіпсіздік жүйелерімен жабдықталған. Мәселен, қаламыздағы 20 колледжде 1503 бейнебақылау жүйесі орнатылған. Олардың 126-сы қалалық ПД ЖБО-ға қосылып, дабыл түймелері мен турникеттер орнатылған. Барлық 20 колледжде мамандандырылған күзет қызмет көрсетеді. Бұған қоса, қаладағы 17 мектептен тыс мекемеде 436 бейнебақылау жүйесі орнатылып, 233 камера қалалық ПД ЖБО-ға қосылған. Дәл қазір мектептен тыс 7 мекемеде 25 дабыл түймелері мен турникеттер орнатылған. Оларға мамандандырылған күзет қызмет көрсетеді. Осы аталған барлық мемлекеттік білім беру ұйымдарындағы бейнебақылау жүйесіндегі жазба 30 күн бойы сақталады.

Бетті дайындаған Рая ЕСКЕНДІР.



ЕҢБЕК АДАМЫ

Университетке оқуға түсіп, студенттікке қабылданғандардың аты-жөндерін атап жатқан кезде ұзынша бойлы, мойылдай бұйра шашты сымбатты жігіт жаныма келіп: «Ал құтты болсын, бауырым! Сені «Лениншіл жасқа» шығып жатқан мақалаларың арқылы сырттай жақсы танимын. Мен Доктырхан Тұрлыбек деген курстасың боламын», – деп өзін таныстыра бастады.

Аузын ашса жүрегі көрінетін ауылдың аңқылдаған бозбаласымен таныстығымыз осылай басталған. Алғашқы күндерден-ақ ақмолалық Бәдуан Имашев үшеуіміздің достық жұбымыз жазылған жоқ. Сынақ, емтихандарды да алдымен тапсырып шығамыз. Доктырхан өте көңілді жүреді, әңгімешілдігімен, тәтті әзілдерімен адамды бірден өзіне баурап, үйіріп әкетеді...

«ТҮРКІ ӘЛЕМІНІҢ» БОЙТҰМАРЫ

«Алматы ақшамының» ардагері, белгілі қаламгер, танымал тележурналист Доктырхан Тұрлыбек туралы бір үзік сыр

«Менің оқығым келеді»

Оның ауылы алыста – Жуалыда, ал біздің үй Алматыға тиіп тұрған Ұзынағашта. Сенбі-жексенбі сайын селкілдек автобуспен біздің қарашаңыраққа барып қайтамыз. Үйде соғыстан мүгедек боп оралған әкем, төрт қарындасым бізді қуана қарсы алады. Шешем ертеректе қайтыс болған. Қоңторғай тірлік, біріне тартсаң біріне жетпейтін дүние, қалт-құлт етіп күн көріп отырған жай бар. Достарыма қысыла жағдайымды баяндаймын, «осыдан оқуымды бітірсем шіркін деп» өзімді толғандырған ойларымды айтамын. Бірде менің арманшыл әңгімемнен кейін үнсіз ойға шомған Доктырхан да ішінде жүрген жан сырын ақтарып салды:

– Несін айтасың. Жыртық көрпе, жамаулы өмір деген жоқшылық бізді тым ерте есейтті ғой. Қарашы, екеуіміздің тағдырымыз да қалай ұқсас... Менің де әкем соғыс ардагері, бәленбай шүпірлеген бала өсіріп отырған жаралы жан. Қатал. Сыныптастарыммен ойнап-күліп, болашағымда журналист боламын деп армандап жүрген қайран оттай қызу шағымда қапа болдым да қалдым. «Маған қолғанат бол, қиналып кеттім... Біржағыма шықпасаң болмайды. Оқуды таста» деп оқудан шығарып алды. Тәтті қиялдарымның быт-шыты шықты. Аудандық газетке мақалалар жаза бастаған кезім. Ішім удай ашып, мектепке кетіп бара жатқан оқушыларды көргенде, көңілім алай-дүлей бұзылып, жүрегім қынжылатыны-ай... Нартәуекел деп «Лениншіл жас» газетінің бас редакторы Шерхан Мұртазаға «Менің оқығым келеді» деп дәптердің шаппақ жол 5 бетін толтырып хат жаздым да жібердім. Бұл хатым республикалық сол газетке жарқ етіп шықты да кетті. Аты дүркіреген «Лениншіл жас» газетінің таралымы 300 000-ға жетіп, дүркіреп тұрған шағы. Өзің білесің, баспасөз сөзі күдіретті. Маған хаттар жауып кетті. Облыстан, ауданнан арнайы адамдар келіп, әкемді сөгіп, мені мектепке жетектеп әкеп отырғызып кетті. Сөйтіп, мектеп бітіруімнің өзі бір хикая болды емес пе? – деп балалық шағым мұңая еске алды.

– Сосын не болды?

– Студент атанған соң Шерхан Мұртаза ағаға арнайы барып, кабинетіне кіріп, сәлем беріп шықтым. Шер-аға өте ірі сұңғыла адам ғой. «Ә, Доктырхан деген сенбісің? Жуалының Павлик Морозовы кім деп жүрсең? – деп көзілдірігін алып, сүзіле қарады. (Павлик Морозов деген әкесіне қарсы шыққан бала ғой). Сол жолы жазған бір мақаламды алып қалып, бір аптаға жеткізбей газетке жариялап жіберді.

– Әкең саған қатты ренжіген шығар? – деймін тура осы оқиға менің де басымнан өткенін айтып.

– Жо-жок. Әкем нартұлға ғой. Соғыс өртінен келген мүгедек жауынгер емес пе, басымнан сипап: «Балам, бәрі жоқшылықтан ғой. Қайтейін енді, таудай талабыңнан қайтпа! Біз бірдеңе етіп күн көрерміз», – деген еді. Әкем сөйтіп бата-сын беріп, арқамнан қаққанда кара түннен кейін жарқырап күн шыққандай болды ғой, – деп әсерлене әңгімелейді.

Қайда жүрсе де, қолынан қаламы түспеген...

Доктырхан – тағдырлы қаламгер. Алтыншы сыныптан бастап жазған мақалалары аудандық, облыстық, тіпті кейде республикалық газеттерде жарияланып жатты. Қилы-қыстау өмір соқпақтарынан табандылығының, қайтпас жігерлігінің арқасында армандаған мамандығының биік баспалдақтарымен өрлей берді. Мектеп бітірген соң құрылысшы болды, одан әскерге алынды. Екі жыл бойы борышын өтеп, шымырланып, нағыз жігіт болып оралған соң қайта құрылысшы болып кетті. Қайда жүрсе де қолынан қаламы түспеді. Оның жазуға бейімділігіне риза болған Жуалы аудандық «Жаңа өмір» газеті жұмысқа шақырды.

Сол 1972 жылы редакция есігін аттап кіріп, журналистік қызметтің қым-қуыт, қызық та қиын ісіне белсене араласты да кетті. Міне, содан бері елу жылдан астам уақыт осы өзі сүйіп, жүрегі қалаған кәсіппен тікелей айналысып келеді. Қаламы жүрдек, ойы үшқыр жас маманды аудандық газетте жүрген жерінен Жамбыл облыстық «Еңбек туы» газетіне қызметке шақырады. Осы газетте жеті жыл табан аудармай істеп, әбден пісіп-ысылады.

1984 жылы Алматыға келіп, Қазақ теледидарына жұмысқа орналасады. Міне, содан бері қырық жыл бойы тележурналист болып, «Рахат», «Алатау», «Қазақстан» сияқты теледидар



БІЗДІҢ ДӘЙЕКТЕМЕ

** Халықаралық «Түркі әлемі» телекомпаниясының Бас директоры, отызға жуық деректі фильмдердің авторы әрі режиссері Доктырхан Тұрлыбектің есімі жазушы, сатирик, кинодокументалист және журналист ретінде республика жұртшылығына жақсы таныс. Белгілі қаламгер онға жуық прозалық, сатиралық және ғылыми-танымдық жинақтардың авторы. Шығармалары орыс, ағылшын тілдеріне аударылған жазушы Халықаралық Жамбыл атындағы сыйлықтың, Қазақстан Жазушылар одағының, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының және Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының лауреаты, Бүкілдүниежүзілік «Алтын сафран» кинофестивалінің жеңімпазы. Ол сондай-ақ, Халықаралық Санкт-Петербург Психология академиясының құрметті академигі.*

арналарында қызмет істеген уақытында республикамыздың түкпір-түкпірін шарлап, сан түрлі хабарлар түсірді. Телеәлемнің қыр-сырын жалықпай үйренді. Бірге қызметтес болған аға буын тележурналистерден тәлім-тәрбие алып, қатарлас әріптестерінен біліктілік пен іскерлік қағидаттарын меңгеріп, мол тәжірибе жинақтады.

«Рахат» теледидарында істеп жүрген кезінде екеуіміз «Айкүмбез» атты хабар аштық. Халық ақындары, ел-жер тарихы, тарихи-танымдық мәселелер жайында екі жылдан астам көптеген хабарлар түсірдік.

Кейін Доктырхан «Алатау» атты арнаның басшысы болып тұрғанда да талай сапарлас болдық. Бірде мен жол түсіп, он күн Моңғолияға ыссапармен барғанымда Доқанның тапсырмасы бойынша сол елдің танымал жазушы, депутат тұлғаларын сөйлетіп, сұхбат алып, екі кассета толы хабар алып келіп тапсырдым. Доктырхан мен дайындап әкелген шығармашылық дүниелерді түгел өзі қарап, талдап, іріктеп, монтаждап, алты хабар жасап, теледидардан бергізді.

Ұлттық брендті ұлықтау немесе «Қазақфильм» мен «Алматы ақшамындағы» қолтаңба

Көп кешікпей ол «Қазақфильмге» бас директор болып өсіп кетті. Бұл жылдары да шығармашылық байланысымыз үзілген жоқ. Ол халық ақыны, Жамбылдың немересі Әлімқұл Жамбылов жайлы әсерлі де мазмұнды телефильм түсірді. Басқа да игі жұмыстары үшін Халықаралық Жамбыл сыйлығының лауреаты атағына ие болды. Әсіресе, оның есімін мәшһүр еткен «Бойтұмар» атты этнографиялық танымдық хабарлары еді. Салт-дәстүр, әдет-ғұрып, құсбегі, атбегі, шеберлер жайлы әр апта сайын теледидардан ел ұмыта бастаған ұлттық брендтерімізді жарқырата көрсете бастады. Саланың көптеген майталмандарын шарқ ұрып іздеп тауып, қыр-сырын айқындап, зерттеп, зерделеп, құнды жәдігерлерді жариялап отырды. Өкінішке орай, сол кездегі сайқал саясаттың кесірінен қазақ руханиятында үлкен орны бар «Қазақтелефильм» таратылып, бұл ұлттық тележоба тоқтап қалды.

Осы кезеңде Доктырхан Тұрлыбек «Алматы ақшамы» газетінің шолушысы ретінде, алып шаһардың әлеуметтік-экономикалық өзекті мәселелері жайлы талдамалы-сарапта-малық жарияланымдарымен де көзге түсті. Сондай-ақ, қаламгер газетте қазақтың ұлттық қолөнерін, салт-дәстүрін кеңінен насихаттайтын «Айқабақ» айдарын ашып, жабылып қалған ұлттық тележобаның газеттік нұсқасын батыл ұсына білді. Нәтижесінде оның әрбір жарияланымы басылым оқырмандарының көзайымына айналды.

Кинодокументалистика мэтрі

Біздің кейіпкеріміз соңғы жылдары «Түркі әлемі» атты телестудия ашып, түркі дүниесін біріктіруді мақсат тұтты. Бүкіл түркі тілдес халықтардың тарихы мен мәдениеті, өнері, әдебиеті, ірі тұлғалары жайлы отыздан астам телефильм түсірді. Осы саладағы табысы жоғары бағаланып, Түркияда өткен Бүкіл дүниежүзілік фестивальде кинодокументалистер байқауында «Алтын сафран» бас жүлдесіне ие болды. «Түркі әлемінің» бойтұмарына айналды. Телекомпания ұжымы атбегілік, құсбегілік туралы және қыз қуу, көкпар, аударыспақ жөнінде ондаған деректі фильм жасап, бұл туындыларды көрермендер жылы қабылдады.

Доқан машақаты көп, жауапкершілігі мол тележурналистикада жүріп, оның бітпейтін қыруар шаруаларына белсене араласып, еліміз тәуелсіздік алған жылдардан бері ел-жұрт жайлы қаншама хабарлар дайындады десеңізші! Шеберлер, қолөнершілер, зергерлер, бүркітші, ат бапкерлері, тазы өсірушілер әлі күнге дейін Доктырхан Тұрлыбекті іздеп, сұрап, хабарласып тұрады.

Ол өте өнімді еңбек ететін еңбекқор жазушы. Қазірге дейін жиырма кітабы жарық көрсе, оның жартысы повестер мен әңгімелер, эссе-естеліктер. Өмірде көрген оқиғаларды екшеп, тағдырлас болған замандастарының сан түрлі еңбек жолдары туралы мөлдіретіп жазған шығармаларын сүйсіне оқысыз. Соңғы жылдары мемлекеттік тапсырыспен шыққан «О дүниеден келген өкіл», «Өмірдің сегіз сәті» атты жинақтарын оқып, Доқанның жазу шеберлігіне тәнті болдым.

Жақында ол «Қаңлылар» атты жаңа тарихи-зерттеу фильмінің тұсаукесеріне шақырды. Жүзден астам жиналған қауым екі сағатқа жуық қыбыр етпей, бұл көрсетілімді ерекше ықыласпен көріп, Доктырханның ұшаң-теңіз біліміне, зерттеуіне және оларды іріктеп көрерменге ұсынуындағы ерекше талантына керемет риза болды. Көрсетілімге қатысқан белгілі тарихшылар, зиялы қауым өкілдері, қаламгерлер, жазушы, журналист және басқа да көрермендер фильме өте жоғары баға берді. Бұл фильм – тұтас бір ғылыми-зерттеу институтының ұжымы атқаратын өте ауқымды тақырыпты көтеріп тұр. Автор шағын «Түркі әлемі» студиясы қызметкерлерімен тарихқа терең бойлап, құнды құжаттармен, нақты фактілермен, деректі дәлелдермен дәлелдеп, танымал ғалымдарды сөйлете отырып, тамаша құнды фильм жасап шығарған.

Сатира сардары

Доктырхан Тұрлыбек – кемеліне келген сатирик жазушы. Оның сын-сықақ кітаптары дүкен сөрелерінде жатқан емес, тез сатылып кетеді. Шақпа тілді сатирик өткір де өзекті тақырыптарды әдемі тауып алады да, езу жидырмас әзіл-сықақ әңгімелерін ұсынады. «Түбі түскен шелек және сыпыртқы», «Сталиннің мүштігі», «Қазақ қалжыңдары», «Қалша Қожаның қалжыңдары», «Бойтұмар мен ой тұмар», «Бекет Ата жолымен» атты жинақтары жарық көрген. Шығармалары орыс, ағылшын тілдеріне аударылған.

Бұл саладағы табысы үшін Қазақстан Жазушылар одағының Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығына ие болды. «Алматы ақшамының» еңбекторысы қай шаруаны, қай тақырыпты қолға алса да тиянақтап, асқан жауапкершілікпен мұқият, сапалы әрі мазмұнды, жұп-жұмыр аяқтайтынын көріп те, біліп те жүрміз. Міне, бүгінде шығармашылық ғұмырының жетпіс бесінші көктемін біздің Доқан осындай толымды табыстарымен, жемісті жетістіктерімен қарсы алып отыр.

Ол өзі туып-өскен Жуалы өңірі жайлы айтудан жалықпайды. Туған жерінің әсем табиғаты, керемет жандары жайлы сағына тебіренеді. Сол өңірден шыққан Тұрар Рысқұлов, Бауыржан Момышұлы, Шерхан Мұртаза сынды тұлғаларды пір тұтады, әсерлене әңгімелейді. Байқап қарасам, Доқанда да осы асыл ағаларына тартып қойған әдемі мұрты бар. Ұлтшыл, мемлекетшіл қасиет бар. Кейде жұмыс барысында кездейсоқ шалт ашуға берілсе көзілдірігі жылтырап, мұрты едірейіп шыға келетін айбарлы қаһарынан қаймығып та қаламыз. Бұл да ата-бабадан келе жатқан тектілік нышаны болар.

Сөзімізді түйіндесек, Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының лауреаты, Жуалы ауданының Құрметті азаматы, жазушы, сатирик, белгілі кинодокументалист, танымал тележурналист, ақшамдық ардагер Доктырхан Тұрлыбек киелі де қасиетті топырағына тартып туған, кісілік пен кішілікті тең ұстаған тұлға. Білікті, берекелі істерімен ғана емес, еркін ойлы, өршіл де өрелі мақсат-мұраттарымен ел-жұрттың ықыласына бөленген жан.

Нағашыбек ҚАПАЛБЕКҰЛЫ,
жазушы.



БІЗДІҢ ҚАЛАНЫҢ ТҰРҒЫНДАРЫ

ӘДЕМІ ҚАРТАЮУ ДА БІР БАҚЫТ

Осынау екі ғасырды көзімен көріп, өрен-жаранының ортасында мәуелі баққа айналған кейуанамен күніне бір рет болмаса да, айына бір сөйлесіп қоямын. «Адам қартайғанда бір бала» деген сөз рас екен. Көңілі келсе, көлдей шалқиды. Ұйқысы қанбаса, ерке баладай «еркелеп» қалады. Бүгінде 108 жасқа келген қала тұрғыны Қанша Қарсыбаеваның жады жанында, әңгімесі әсерлі. Есікті ашқан әжейдің кенже қызы Кенже апай бізді жылы қарсы алды.

Рая
ЕСКЕНДІР

«Е-е, жаратқан, көрер қызығым бар екен, бұл жылды да бала-шағамның ортасында қарсы алдым. Алланың маған берген бақыты, бұйырған дәмі таусылмаған екен», — деп әңгімесін бастаған әжей елдің амандығын, туыстың татулығын тіледі.

Қаламыздың қарт тұрғыны Қанша Жақыбайқызы бес баланы дүниеге әкелген. Бүгінде олардан 26 немере, 36 шөбере, 19 шөпшек көрген екен.

— Е-е-е, балаларым-ау, мен не көрмедім? О кез қиын еді ғой. Өмір бойы десең де болады, істегенім қара жұмыс болды. Таңның атысы, күннің батысы үйдің бетін көрмедім. Бала-шағаның қамын жеп, бір сәт тізе бүккен жоқпын. Ауыл шаруашылығының барлық саласында еңбек еттім. Десе де, сол қара жұмыстан жаман болған жоқпын. Шынықтым, ширадым. Осы күнге аман жеттім. Сол күндерді бала-шағама үнемі үлгі етіп айтып отырамын. Ең соңында қоймашы болып жұмыс істеп, сосын ғана зейнетке шықтым ғой, — дейді Қанша әжей.

Екі ғасырдың куәгері көнекөз кейуана бізге әлі де тың, ширақ көрінді. Әңгімеге де, әзілге де бар. Кенже апай биік шкафтан ескі сөмкеге салынған құжаттарды, көне сурет-



терді алып шықты. Құжат бойынша Қанша Жақыбайқызы 1916 жылдың 18 шілдесінде ҚХР-ның Аралтөбе деген жерінде дүниеге келген екен. Қанша әжей жастайынан еңбекке ерте араласып, егін егіп, қызылша өсірген көрінеді.

— Отар-отар қой бағып, сиыр саудым. Қайда қиын жұмыс болса, соның басы-қасында жүрдім. Белім қайысып, ер-азаматтан кем түспедім. Сірә, қара жұмыстан қайыс болып, сол атқарған ауыр жұмыстың арқасында шираған сияқтымын, — дейді кейуана.

Әрине, екі ғасырдың дәмін татып, оның жарық сәулесін көру екінің біріне бұйыра бермесі анық. Десе де, тағдырдың да Қанша әжейге күліп те, жылап та қараған кезі болды. Осыдан бірер жыл бұрын 1956 жылғы ұлы кенеттен қайтыс болды. Қарт кісіге бұл қайғы оңай түспеді. Жылай бергеннен көзі нашар көре бастаған еді. Бұған да көніп, өз-өзіне басу айтты. Бірақ тағдырды тілдеген кезі жоқ.

— Жалғыз қайың едім, мәуелі баққа айналдым. Бала-шағама төңірегім толды. Менің бар тілегім осы емес пе еді? Бұған шүкіршілік деймін. Ұйқым тыныш, көңілім орнында. Күнде таңертең ояңғанда күнмен күліп аманда-самын.

«Е-е, Жаратқан, бергеніңе шүкір. Алланың сүйген құлы шығармын. Мағыналы да, мәнді өмір бердің. Өмір бойы осыған іштей тәубе айтып, шүкіршілік етумен келемін», — дейді әжей.

Сөзге араласқан кенже қызы Кенже былай дейді:

— Анамыз әлі де ширақ, тын. Сыртқа өзі кіріп-шығады. Қонақ келгенді жақсы көреді. Осылай әңгіме айтып, серпіліп қалады. Үнемі ыңылдап ән салады, сосын ән тыңдағанды ұнатады. Қолынан келмейтіні жоқ. Күні кешеге дейін іс машинасымен тігін тігіп, үй шаруасына қолғабысын тигізіп отыратын. Анамыздың тағы бір жақсы қасиеті — соңғы жаңалықты қалт жібермей тыңдайды. Құлаққабын киіп алып, ұялы телефонын шұқылап отырады. Көзі ұйқыға кеткенше «Қазақ радиосын» тыңдайды. Барлық журналистерді сырттай жақсы таниды. «Таныстарым бір қауым ел» деп мәз болып отырады. Кейде сөйлету үшін «не жаңалық болып жатыр екен?» деймін. Сол кезде анам естіген барлық жаңалығын айтып береді. Жады жақсы, естігенін ұмытпайды.

Күнделікті асқа түрлі ботқа дайындап беремін. Сосын айран, сүт, йогурт ішеді. Тәбеті жаман емес. Бірақ соңғы кезде аз-аздан ғана ішетін болып жүр. Анам үшін күн сайын балмұздақ әкеліп қоямын. Күнде бір талын «жүректің дәрісі» деп жеп алады, — дейді қызы Кенже.

108 жастағы кейуана Қанша әжеміз «Жан-жағыңа қарасаң, күмістен терек орнасын, үйіңе келген мейманың атын сонда байласың! Қырғауылдай қырқылдап, бөденедей бүлкілдеп, таң мезгілі болғанда қыдыр келіп үйіңе, бақ-дәулет саған дарысын! Аман болсын, Жер-ана, бейбіт күн елге орнасын!», — дейді екі ғасырдың куәгері Қанша әже. Кейуаның ақ батасы қабыл болғай!

ҚАУІП ҚАЙДАН?

Жыл сайын синтетикалық есірткінің торына түсіп, ақ ұнтақтың құрбаны болған адамдардың саны артуда. Есірткі қоғамда ашық сатылмаса да, адамдарды өзіне тәуелді ететін тауардың жасырын саудасы тоқтаған жоқ. Талай шаңырақтың шайқалып, тағдырлардың бұзылуына себепші болған синтетикалық есірткіні түп-тамырымен жою нәліктен қиын?

Ернұр
РЫСБАЙ

Құрамын болжау қиын

1988 жылы «Сот медициналық журналында» синтетикалық есірткінің болашағы жайында Гери Хендорсонның мақаласы жарық көрді. Ол өз мақаласында: «Болашақта есірткіні арнайы шөптен емес, синтетикалық қоспалардан жасайды. Синтетикалық есірткінің құрамын жеңіл қолжетімді, арзан химиялық қоспалар құрайды. Сонымен қатар, фармацевтік препарат ретінде шығарылуы мүмкін. Құрамын болжау қиын болады. Олар өзгеше, әрі өте құпия түрде сатылады» деп болжам жасаған болатын. Қазіргі уақытта Хендорсон тұжырымы дәл келіп отыр. Әлемде жасанды жолмен жасалған синтетикалық есірткінің талай түрі тарап жатыр. Ал қазақстандық жастар арасында «мефедрон», «скорость», «мяу-мяу» атты синтетикалық есірткілері белең алуда. Бұл есірткілердің құрамындағы химиялық қоспалар жиі өзгеріп отырады.

Тән мен жанның улануы бүгінге дейін талайдың өмірін ойран етті. Бірінің түбіне жетсе, екіншісі темір тордың арғы жағынан бір-ақ шықты. Тек қалта қамын ойлайтын жауыздардың жұмысы әлі де жүріп тұр. Сондықтан бұл мәселеге Мемлекет басшысы да баса назар аударуды тапсырды. Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 2022 жылдың 1 қыркүйегіндегі Жолдауында синтетикалық

МЕФЕДРОН —

әлеуметтік кесел



Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

есірткі аса қауіпті әрі ауқымды әлеуметтік кесел екенін атап өтті.

«Синтетикалық есірткі тұтынатын-дардың көбеюі ұлт саулығына зор қауіп төндіруде. Қазіргі ахуал өте күрделі, соңғы үш жылда тәркіленген «синтетиканың» көлемі 10 есе артқан. Уақыт өткен сайын мұндай есірткі арзан әрі қолжетімді бола бастады. Нашарлар оны әлеуметтік желі мен түрлі мессенджер арқылы емін-еркін сатып алып жатыр. Есірткіні, тіпті, үйге әкеп беретіндер бар. Бұл — аса қауіпті әрі ауқымды әлеуметтік кесел», — деді Президент.

Синтетикалық есірткі әлемді жаулап барады

Синтетикалық есірткі уақыт өткен сайын кеңінен таралуда. Есірткіні қолданған

адамды бірден байқауға болады. Ал синтетикалық есірткіні пайдаланған адамды аңғару біз ойлағандай оңай емес. Мефедронды қолданушы ұйқысынан айырылады. Ұзақтығы 2-3 күнге созылуы мүмкін. Кей жағдайларда есін жоғалтып, өз іс-әрекеттерін басқара алмай қалады. Мидың жұмысы бәсеңдеп, түс көріп жатқандай күйге енеді. Психотроптық есірткіні жиі пайдалану психикалық ауытқуларға алып келеді. Көп жағдайда біреу аңдып жүргендей, қасында біреу бар сияқты күйге түседі. Бұл психикалық жағдайының бұзылғанын білдіреді. Жалпы, болжам бойынша синтетикалық есірткіні 5 жылға жуық уақыт пайдаланған адам психикалық ауру болады.

Синтетикалық есірткілерді сатып алу еш қиындық тудырмайды. Арнайы әлеуметтік желі мен мессенджерлерде сатылуда. Ал есірткіні тасымалдаушы мен жеткізушілердің қатарында балалар бар көрінеді.

Жеңіл ақшаға қызығып, болашағына балта шауып жатқандар қаншама. Осы орайда ҚР ІІМ есірткіге қарсы департамент басшысының орынбасары Бахытжан Амирханов балаларға да қатаң заң бар екенін атап өтті.

«Кәмет жасына толмаған балалар есірткі өнімін таратқаны үшін 10 жылға бас бостандығынан айырылады. Ал жарнама жасап, үгіт-насихат жүргізгендері үшін 3-6 жылға дейін бас бостандығынан айырылуы мүмкін. 14 жасқа дейінгі балалар мен 16 жасқа толған жасөспірімдер әртүрлі категориялар бойынша жауапкершілікке тартылады», — деді Б.Амирханов.

● ТҮЙІН:

Синтетикалық есірткіні өндіруге және таратуға қарсы күрес жалпыхалықтың деңгейде жүргізілуі керек. Есірткімен күресетін арнайы қоғамдық жобалар жұмыс жасауда. Психотропты өнімдерді сатушылар жарнаманы әртүрлі жолмен жасайды. Көшеде жүргенде түсініксіз жазуларды байқап жатамыз. Бірі білсе, бірі білмес дәл осы жазу есірткінің жарнамасы болуы әбден мүмкін. Есірткіні таратудың жолдарымен күресетін «NARCOSTOP» жобасы жұмыс жасауда. Тұрғындар түсініксіз жазуларды көргенде өмірту үшін осындай жобаларға хабарласатын болған. Жобаға қатысушы еріктілер қаламыздың қарапайым тұрғындары. Синтетикалық есірткімен күресу — болашақ ұрпақ алдындағы біздің борышымыз.



«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне 2024 жылға жазылу жүріп жатыр!

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі, «Эврика Пресс» өкілдіктерінде жазылуға болады. Бізді almaty-akshamy.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ 2024 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін)

1 айға – 536,12 теңге, 3 айға – 1608,36 теңге, 6 айға – 3216,72 теңге, 10 айға – 5361,2 теңге

15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін)

1 айға – 736,12 теңге, 3 айға – 2208,36 теңге, 6 айға – 4416,72 теңге, 10 айға – 7361,2 теңге

95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін)

1 айға – 336,12 теңге, 3 айға – 1008,36 теңге, 6 айға – 2016,72 теңге, 10 айға – 3361,2 теңге

Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 293-08-12, 293-08-25, 293-08-03.

Құрметті оқырмандар!

«Алматы ақшамы» газетінің баспа нұсқасына жазылуды енді **Post.kz сайты** арқылы немесе мобильді қосымшаны пайдалана отырып, онлайн режимде рәсімдеуге болатынын қуана хабарлаймыз. Жылдам іздеу функциясы арқылы «Алматы ақшамы» газетін тауып, оған жазылуды бір сәтте рәсімдеуге болады. Газетке жазылу үшін оның қажетті санын, жазылу мерзімін көрсетіп, кез келген банктің картасымен төлем жасау қажет. Жазылу индекстері мен жазылу құны «Алматы ақшамы» газетінің баспа нұсқасына жазылумен тең. Газет **Post.kz**-пен рәсімдеу кезінде көрсетілген мекенжай бойынша жеткізіледі. Қызмет **24/7** қолжетімді.

«Алматы қаласының экология және қоршаған орта басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі №49 учаскеде қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауды және тасымалдауды жүзеге асыратын қатты тұрмыстық қалдықтар нарығына қатысушыларды айқындау бойынша қайта тендер өткізу туралы хабарлайды.

Қазақстан Республикасы Экология, Геология және табиғи ресурстар министрінің міндетін атқарушының 2021 жылғы 28 желтоқсандағы №508 бұйрығымен бекітілген коммуналдық қалдықтарды басқару Қағидаларының 37-тармағына сәйкес №49 учаскеге тендерлік өтінімдердің болмауына байланысты тендер өткізілмеді деп танылды және қайта тендер өткізіледі.

Тендерге қатысушылар – кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғалар мен заңды тұлғалар, мемлекеттік мекемелерді қоспағанда.

Тендерлік құжаттаманың көшірмелері хабарландыру шыққан күннен бастап 7 жұмыс күні ішінде мына мекенжай бойынша беріледі: **Республика алаңы, 4, №412 кабинет.**

Тендерге қатысушылар «Алматы қаласы экология және қоршаған орта басқармасы» КММ-ге тендерге қатысудың өтінімдерін конвертке салып, жапсырылған күйде мына мекенжайы бойынша: **Алматы қаласы, Республика алаңы, 4, №412 кабинет,** ұсынады (жібереді).

Тендерлік өтінім ұсынуудың (жіберудің) соңғы мерзімі 2024 жыл, 21 ақпан, сағат 13.00-ге дейін.

Өтінімдерді тендерлік комиссия 10 (он) жұмыс күні ішінде қарайтын болады.

Тендерлік комиссияның Уәкілетті төрағасы: **А.Е.Әбдіқадыров.**

Байланыс деректері: +7 702 066 22 55

«Lemon Land Lombard» ЖШС 2024 жылғы 8 сәуір, сағат 9.00-де Алматы қаласы, Төле би көшесі, 251 А, 1-кеңсе, өтелмеген кепіл мүлкінің сатылуы өтеді: пайдаланылған алтын бұйымдар (сырғалар, сақиналар, білезіктер, шыныжырлар, мойынтұмарлар, алқалар). **Лоттар саны – 441 дана.** Төлем тәртібі мен мерзімі, сондай-ақ төлем реквизиттері: сатып алу-сату шартының талаптарына сәйкес. Өтінімдерді «Lemon Land Lombard» ЖШС мекенжайы бойынша жіберу керек: Алматы қ., Төле би к-сі, 251 А, 1-кеңсе немесе land@lmm.kz **электрондық поштасы** бойынша 2024 жылдың 6 наурыз, сағат 18.00-ге дейін. Сауда-саттықты өткізу әдісі – голландтық. Бағаны өзгерту қадамы – 2%. Сатылым туралы қосымша ақпаратты +7 707 100 90 10 телефоны бойынша алуға болады.

«Lemon LOMBARD» ЖШС 2024 жылғы 8 сәуір, сағат 9.00-де Алматы қаласы, Әуезов көшесі, 181, 17 п., өтелмеген кепіл мүлкінің сатылуы өтеді: пайдаланылған алтын бұйымдар (сырғалар, сақиналар, білезіктер, шыныжырлар, мойынтұмарлар, алқалар). **Лоттар саны – 809 дана.** Төлем тәртібі мен мерзімі, сондай-ақ төлем реквизиттері: сатып алу-сату шартының талаптарына сәйкес. Өтінімдерді «Lemon LOMBARD» ЖШС мекенжайы бойынша жіберу керек: Алматы қ., Әуезов көшесі, 181, 17-п. немесе lemon@lmm.kz **электрондық поштасы** бойынша 2024 жылдың 6 наурыз, сағат 18.00-ге дейін. Сауда-саттықты өткізу әдісі – голландтық. Бағаны өзгерту қадамы – 2%. Сатылым туралы қосымша ақпаратты +7 707 117 90 10 телефоны бойынша алуға болады.

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитеті көрсететін мемлекеттік қызметтер

Құқықтық статистика органы мемлекеттік қызметтің 4 түрін көрсетеді:

- 1) «Соттылығының болуы не болмауы туралы анықтама беру»;
- 2) «Прокуратура органдарынан, тергеу және анықтау органдарынан шығатын ресми құжаттарға апостиль қою»;
- 3) «Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу Комитеті мен оның аумақтық органдарының мұрағаттары шегінде мұрағаттық анықтамалар және / немесе мұрағаттық құжаттардың көшірмелерін беру»;
- 4) «Адамның сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны туралы мәліметтер беру».

«Соттылықтың болуы не болмауы туралы анықтама беру «онлайн режимде көрсетіледі, оған электрондық үкімет» веб-порталы арқылы тапсырыс беруге болады www.egov.kz ұялы байланыстың абоненттік құрылғысын, яғни порталдың мобильді нұсқасын үйден шықпай, тек электрондық-цифрлық қолтаңбасы бар, яғни «Мемлекеттік корпорация «КЕАҚ-на бармай-ақ Үкімет азаматтар үшін» немесе бір реттік SMS пароль сервисі, «EgovKzBot» арқылы Telegram мессенджері арқылы.

Анықтама электрондық құжат нысанында 2003 жылғы 7 қаңтардағы «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабының 1-тармағына сәйкес рәсімделеді.

Құжаттарды қабылдау және қызмет көрсету нәтижелерін беру портал арқылы, шетелге шығу үшін қағаз нысанда анықтама алу қажет болған жағдайда Мемлекеттік корпорация арқылы беру арқылы жүзеге асырылады.

Соттылығы туралы анықтамалар Қазақстан Республикасы Қылмыстық Кодексінің 79, 89-баптарының тәртібімен сотталғандығын өтеу ескеріле отырып беріледі. Яғни қылмыстық қудалау тоқтатылған немесе соттылығы өздеріне қатысты өтелген немесе алынып тасталған азаматтар «соттылығы жоқ» деген жазбамен анықтама алады.

«Прокуратура органдарынан, тергеу және анықтау органдарынан шығатын ресми құжаттарға апостиль қою» мемлекеттік қызметі автоматтандырылмаған, қағаз нысанда мемлекеттік корпорация арқылы 5 жұмыс күніне дейін көрсетіледі.

Бас прокуратураның Құқықтық статистика және арнайы есепке алу Комитетінің мұрағаттары шегінде мұрағаттық анықтамаларды және/немесе мұрағаттық құжаттардың көшірмелерін беру бір реттік SMS пароль сервисі арқылы жүзеге асырылады. Қызмет 10 күнтізбелік күнге дейінгі мерзімде көрсетіледі. Оны алу үшін Мемлекеттік корпорацияға немесе «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы өтініш беру жеткілікті www.egov.kz.

Көрсетілетін қызметті алушы не сенімхат бойынша оның өкілі жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттардың тізбесі жеке басын куәландыратын құжаты, сондай-ақ туыстарына ақпарат алған кезде туыстық дәрежесін растайтын тиісті құжаттары, мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны қағаз түрінде болуы қажет.

Тұлғаның сыбайлас жемқорлық жасағаны туралы мәліметтер беру қылмыстар: «электрондық үкіметтің» веб-порталы арқылы жүзеге асырылады www.egov.kz. азаматтарға / жұмысқа орналасу және жұмыспен қамту / жұмысқа орналасу және жұмыс іздеу бөлімінде. Қызметті орындау мерзімі – 10 (он) минут, қосымша тексеру жағдайында – 5 (бес) жұмыс күні. Апостиль қоюдан басқа барлық қызметтер тегін болып табылады, оны көрсеткені үшін 1846 теңге мөлшерінде мемлекеттік баж алынады.

М.Е.ЕРЖАНОВ,

Комитеттің Алматы қаласы бойынша департамент бастығының орынбасары.



Бас директор –

Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ

Қабылдау бөлмесі:

тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –

Абдухалил ЖАЛИЛОВ

тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық

жөніндегі орынбасары –

Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА

тел.: 293-04-28.

Бас редактор –

Төрехан ДАНИЯР

тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –

Әнуарбек ӘУЕЛБЕК

тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –

Серік ЖҰМАБАЕВ

тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат

бөлімінің редакторы –

Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің

редакторы –

Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және

тұрғын үй-коммуналдық

шаруашылық бөлімінің

редакторы –

Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ

тел: 293-52-36.

Коммерция бөлімінің жетекшісі –

Куаныш ДЮСКАЛИЕВ

тел: 293-08-12. E-mail:

rekalatauaqparat@gmail.com

Жарнама және

тарату бөлімі. E-mail:

rekalatauaqparat@gmail.com

тел: 293-08-25

Шығармашылық даму

жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –

Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:

Мұрат ӘУЕЗОВ,

Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,

Сейітқазы МАТАЕВ.

Газетті жеткізу бойынша
шағымдар болса, «Қазпошта»
АҚ Алматы почтамына:
+7 707 862 30 08 телефондары
арқылы хабарласыңыз

Almaty
AQSHAMY

Республикаға тарайтын қоғамдық-
саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:

«Alatay Aqparat» ЖШС.

E-mail:

rekalatauaqparat@gmail.com

Мекенжайымыз:

Индекс: 050022.

Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, жұма

күндері шығады.

Апталық

таралымы – 18 412

Кезекші редактор –

Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Газет Қазақстан Республикасының

Ақпарат және қоғамдық даму

министрлігінің

Ақпарат комитетінде тіркелген.

Тіркеу туралы

№KZ80VPY00026040

куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның
компьютер орталығында теріліп,
беттелді.

Суреттердің сапасына

редакция жауапты.

Жарнама мәтініне жарнама беруші

жауап береді.

Автордың мақалалары редакция

көзқарасын білдірмейді.

Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де

басылды. 050044, Алматы қаласы,

Қалдаяқов көшесі, 17.

Тел.: 273-50-53

Офсеттік басылым,

көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газетінің

электронды нұсқасы

«AIR ASTANA»

әуе компаниясы бортндағы

жолаушыларға қолжетімді.

[www.instagram.com/
aqshamy.official](http://www.instagram.com/aqshamy.official)

[www.facebook.com/
aqshamy.official](http://www.facebook.com/aqshamy.official)

[www.youtube.com/channel/
UCkxM2xrjChx6r1ggA](http://www.youtube.com/channel/UCkxM2xrjChx6r1ggA)

[web.telegram.
org/k/#@aqshamy_kz](http://web.telegram.org/k/#@aqshamy_kz)

[vk.com/
aqshamy.official](http://vk.com/aqshamy.official)

[twitter.com/
aqshamy_kz](http://twitter.com/aqshamy_kz)



Қ.МАНДОКИ – 80



Суреттерді түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

ҚОҢЫРДЫҢ ҒЫЛЫМИ МИССИЯСЫ

Қыпшақ елінің тарихын тірілтіп, жандандыру еді

Еуропа қыпшақтануының негізін қалаушы, қазақ тілінің жанашыры, әйгілі суропалық ғалым, доктор Қоңыр Мандокидің 80 жылдығына арналған «Қоңыр және ұлттық құндылықтар» атты халықаралық ғылыми-танымдық конференция өтті.

**Ернұр
РЫСБАЙ**

Қоңыр Мандоки – бүкіл түркі дүниесіне танымал есім. Өзінің туған елі Мажарстан мемлекетінде ғана емес, түгелдей түркі дүниесінде есімі алтын әріппен қалған тұлға. Карпат қойнауындағы мадиярлар арасында мекендеген құмар-қыпшақ жұртының ұрпағы. Санаулы ғұмыр сүрсе де, түркі халықтарының онға жуық тілін еркін меңгерген. Түркі дүниесіне бар өмірін арнаған Қоңыр ХХ ғасырда батыс пен шығыс елдері арасындағы «Алтын көпір» атанған. Мажарстанда жоғалып бара жатқан қыпшақ тілін қалпына келтіруді мақсат еткен. Қазақ елінің әдебиет пен өнер, ғылым мен білім саласындағы көптеген тұлғаларымен жақын ара-қатынаста

болды. Өзінің бойындағы қыпшақ қанының арқасында, қазақ халқына мінез-құлқы, іс-әрекеті арқылы жақын болатын. Өмірлік жарын қазақ елінен кездестірді. Атырау өңірінің күйеу баласы болған Қоңыр осы мекенде тұратын жұртшылықты өр-мінезділігі үшін жақсы көретін. Қоңырдың өмірлік мұраты, ғылыми миссиясы 750 жыл уақыт өтсе де, қыпшақ елінің тарихын тірілтіп, жандандыру еді. Осы миссиясының арқасында бүкіл түркі дүниесін жандандырды деуге болады.

Конференцияға белгілі түркітанушылар және қоғам қайраткерлері, Мажарстан Республикасының Алматыдағы Бас Консулының міндетін атқарушы Петер Имре Шиклош, Қоңырдың жұбайы Оңғайша Мандоки, үзегілес достары, белгілі тілтанушы профессор Ерден Қажыбек, тарихшы Марат Сембі, профессор Қадырәлі Қоңқабаев, шәкірттері мен ізбасарлары, қоңыртанушы Ернар Мәсәлім, профессор Юлай Шәмилұғлы, Шомфай Дәуіт Қара өз баяндамаларын оқыды. Конференцияға қала жұртшылығы және қала мектептерінің тарих және әдебиет пәндерінің мұғалімдері қатысты. Осы орайда Қоңырдың жұбайы Оңғайша Максұмқызы конференцияда сөз сөйледі.

«Қоңырдың рухы қазақ даласында деп білемін. Оның ғылыми-еңбектерінің мақсаты, мұрасының негізгі мазмұны – ұлттық құндылықтар. Ол тарихты, тілді, этно-

графияны зерттеуге бар өмірін арнады. Бүкіл түркі дүниесінде ойып тұрып орын алды. Алайда, оның бар махаббаты қазақ даласына арналды десем, артық емес. Түркі дүниесін аралаған сәтінде Кеңестік мемлекеттің құрамындағы түркітілдес мемлекеттер тілдерін жоғалта бастап еді. Осы орайда Қоңыр туыстас мемлекеттерге жанашырлық танытты. Олардың өзінің тілін, тарихын, әдет-ғұрпын жоғалтып бара жатқанын көріп қатты қынжылды. Қай жерде жүрсе де, осы мәселені көтеріп жүретін. Қазіргі уақытта мен де оның ізін жалғастырып жүрмін. Қазақ елін таныту мақсатында көптеген жұмыс атқарудамыз», – деді О.Мандоки.

Ғылыми-танымдық конференция барысында Мажарстан республикасының Алматыдағы Бас консулы міндетін атқарушы Петер Имре Шиклош құттықтау сөзін сөйледі.

«Биыл біз үшін де, бүкіл түркі дүниесі үшін де ерекше мереке. Ұлы түркітанушы Иштван Қоңыр Мандокидің 80 жылдық мерейтойы. Ол қазақ даласында қазақтың балалары ана тілінде білім алып жатқанын өз көзімен көргенде қуанатын еді. Себебі, бұл оның бар өмірін арнаған еңбегі. Өзінің туған жерінде жүріп көптеген қиыншылықтарды бастан өткізді. Кіндік қаны тамған жерде жүрсе де, өзгенің үйінде тұруға тура келді. Бірақ ол мектепте де, жоғарғы оқу орнында да үздіктер қатарында болды. Өте ақылды,

әрі еңбекқор бала болған. Мандоки атындағы бұл мектеппен арақатынасымыз өте жақсы. Жиырма жылға жуық уақыт бойы жақсы байланыстамыз», – деді Петер Шиклош.

Жыл сайын Мажарстан мемлекеті еліміздегі балаларға 200-ге жуық грант береді. Мажар тілін үйренгісі келетін кез келген балаға қолдау көрсетеді. Осы орайда Қоңыр атындағы №154 жалпы білім беретін мектеп директоры Қаламқас Алмасбаева өз ойымен бөлісті.

«Бүгін біздің ұжым мен «Қоңыртану» орталығының ұйымдастыруымен халықаралық дәрежедегі «Қоңыр және ұлттық құндылықтар» атты ғылыми-танымдық конференция өтіп отыр. Мақсаты – түркітанудағы Мандоки Иштван Қоңырдың ғылыми еңбектерін, рухты шығармашылығын кеңінен насихаттап, жас ұрпақ бойына ұлттық құндылықтарды дарыту. Жат елде жүрсе де, туған жерін аңсап, қазақ даласын бар жүрегімен жақсы көрген адам. Біздің қазақ тіліндегі тарихымызды мажар тіліне аударып, сол елде дәріптей білген. Қазақтың салт-дәстүрін, ұлттық құндылықтарын жоғары бағалап, өмірінің соңына дейін зерттеді. Біздің келешек ұрпақ үшін берері көп. Балаларымыздың бойына жастайынан Қоңырдың барлық жақсы қасиеттерін сіңірудеміз. Оның елі мен жеріне деген махаббатын сөзбен жеткізу мүмкін емес», – деді Қ.Алмасбаева.

ТАҒЫМ


«Өлі разы болмай, тірі байымайды» дейді дана халқымыз. 9 ақпанда Алматыда филология ғылымының докторы, әдебиеттанушы-ғалым, сыншы, жазушы Мырзабек Төлегенұлы Дүйсеновтің құрметіне орнатылған мемориалдық тақтаның салтанатты ашылу рәсімі өтті. Мемориалдық тақта ғалымның өзі тұрған үйде орнатылды.

**Пердехан
ШӘМШИЕВ**

Алматы қаласының Бөгенбай батыр және Ш.Уәлиханов көшелерінің қиылысында (Бөгенбай батыр көшесі, 104-үй) 1972–1988 жылдары әдебиеттанушы-ғалым Мырзабек Дүйсенов тұрған. Өмірінің соңғы 15 жылдан астам уақыты осы үйде өтті.

Мырзабек Дүйсенов 1928 жылы Қызылорда облысының Сырдария ауданында дүниеге келген. 1949 жылы

МЫРЗАБЕК ДҮЙСЕНОВТІҢ ЕСІМІ ҰЛЫҚТАЛДЫ



Бұл үйде 1972-1988 жылдары көрнекті жазушы, әдебиеттанушы-ғалым, филология ғылымдарының докторы
**МЫРЗАБЕК
ТӨЛЕГЕНҰЛЫ
ДҮЙСЕНОВ**
тұрды.



Қазақ ұлттық университетінің Тарих-филология факультетін бітірген. 1953 жылы филология ғылымының кандидаты, ал 1968 жылы доктор ғылыми дәрежесін алды. Мемориалды тақтаның ашылуына Алматы қаласы Мәдениет басқармасы мәдени көпшілік іс-шаралар бөлімінің басшысы Арман Халбеков қатысты. Ол алматылықтарды, зиялы қауым өкілдерін, ғалымның шәкірттері мен туған-туысқандарын мемориалды тақтаның ашылуымен құттықтап, сөз сөйледі.

Кейін сөз кезегі филология ғылымының докторы, әрі Мырзабек Дүйсеновтің көзін көрген, әрі шәкірті Серік Негимовке берілді. Ол ғалымның адами қасиеттеріне тоқтап, оның ішінде адамға деген қамқорлығы, оны қолдауға дайын тұратындығы туралы атап өтті. Одан соң мемориалды тақтаның ашылу салтанаты өтіп, жиналған қауым естелікке суретке түсті. Мемориалды тақтаның ашылуына Алматы қаласының әкімдігі мұрындық болып отыр.